



№ 44 (5964) Сенбі, 1 қараша, 2014 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

# Жері байдың елі де бай

ЖЕРІ БАЙДЫҢ  
ЕЛІ ДЕ БАЙ



2-бет

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ  
80 ЖЫЛДЫҒЫ  
ҚАРСАҢЫНДА



6,7-беттер

АРДАГЕРЛЕРІН  
ҚҰРМЕТТЕДІ



10-бет

БЕРЕКЕЛІ,  
МЕРЕКЕЛІ АЛТЫН  
КҮЗ!



12-бет



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

**Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлт ұясы - Ұлытаудың төрінде отырып берген сұхбаты үлкеннің де, кішінің де, ғалымның да, қарапайым еңбек адамының да, тіпті отанынан жырақта жүрген барша қандастарымыздың да санасына серпіліс бергені анық. Қазір кемел ойлы басшымыздың ел мүддесі, жер мүддесі жайлы кеңінен қозғаған осы бір келелі әңгімесі жайында әркім өз лебізін білдіріп жатыр.**

2-бетіме

## Маңызды кездесу өтті

**Жуырма Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің бас инспекторы Серік Жансейітұлы Нұртазин ауданда болып, Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2012 - 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарының жүзеге асырудың барысы жөнінде жиналыс өткізді. Жиналысқа аудан шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер, мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.**

Жиналысты аудан әкімі міндетін атқарушы Мақсұт Сәрсембайұлы Оспанов ашып, келген кісілермен таныстырып, аудан ауылшаруашылығын дамыту жөніндегі жұмыстың барысын білу мақсатында келіп отырғанын айтты.

Осы мәселе бойынша Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары С. Апақашев сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығын, шаруа қожалықтарын дамыту бағытында атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Бұдан соң Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарының жүзеге асу барысы, аудандағы 882 шаруа қожалықтарының жұмыстары жөнінде жан-жақты айтып өтті.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің бас инспекторы С. Нұртазин ауылшаруашылығын дамытуда келелі кеңестер берді. Аудан әкімі міндетін атқарушы Мақсұт Сәрсембайұлы жиналысты қорытындылай келіп, жоғарғы жақтан келген құрметті қонақтарға аудан халқы атынан алғыс айтты.

Бағанаөз - 2015

**Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!**

**2015 жылға жазылу бағасы:**

**1 жылға жеке тұлғалар үшін - 2000 теңге, мекемелер үшін - 4000 теңге**



(Соңы. Басы  
1 бетте).

Бұдан тіпті, осы өлкеде өзінің нәпақасын тауып, шаруасын күйттеп жүрген шетелдік компаниялардың өкілдері де қалыс қалып жатқан жоқ. Оған жуырда Ұлытау ауданының 75 жылдық торқалы тойы кезінде өзіміз де куә болдық.

Едіге тауының етегінде өткен торқалы тойға аспанасты елінен де мейман келіп қатысқанын

бірімен ұштасып кете беретіні мені таң қалдырды. Осы көрмені тамашалай жүріп менің ойыма Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мырзаның Ұлытау тауының бөктерінде отырып берген сұхбаты оралды. Мені бір қызықтырғаны Мемлекет басшысының тұтас елдің тарихымен бірге оның әрбір ай-

қиын жылдардың өзінде өрге басты. Бүгінде, Қазақстанға шетелдіктер қызыға қарайды. Сол шетелдік инвесторлардың бірі біздің «ПетроКазахстан» мұнай компаниясы. Қазақстанмен ұзақ мерзімдік шартымыз бар жасасқан. Біз елдің жерасты байлығын алып қана қоймай

және өңдеу ұйымдары қызметкерлері кәсіподағының 20 мүшесіне Алматы қаласындағы «Ақбұлақ» шипажайында демалып, емделіп қайтуларына мүмкіндік жасады. Біздің Ұлытау ауданымен әле-

Мәселен, аудан әкімінің орынбасары Аманжол Мырзабеков мырза солардың санатында. Біз көбіне Аманжол Батырбекұлымен тікелей жұмыс істейміз. Оның еліне, жеріне деген

жанашырлығы бізді қызықтырады. Әр азамат осындай көзқараста болса, Қазақстанның дамуы, аймақтардың гүлденуі қиынға

соқпайды. Ұлытаудың байлығы мол. Соны ел игілігіне пайдалана білу керек. Бұл жерде ауыл шаруашылығын, туризмді, өндірісті қатар

дамытуға болады. Тек соның жолын дұрыс таба білу керек. Аспанасты елінен келген

мейман Цинь Хунвей осылай деп ағынан жарылды. Шағын сұхбатымыздан соң ол көрмедегі ұлттық жәдігерлерімізді қолмен ұстап көріп, оның жасалу жолдары жайлы егжей-тегжейлі сұрады. Керегеде ілулі тұрған қасиетті қара домбырамызды алып, шертіп көрді. Үніне елтігендей бір сәт үнсіз тұрып барып, «керемет» деп басын шайқады.

Иә, біздің халықта талайды таң қалдырып, талайдың басын шайқататын мұндай кереметтердің әлі қаншамасы бар. Оның бәрін тамашалап шығуға бір адамның ғұмыры жетер ме екен.

«Жері байдың елі бай» дегенді де айтып қалды шетелдік мейман. Бәлкім, ол жердің асты мен үстіндегі материалдық байлықтарды ғана айтқан шығар. Ал, шаш етекпен келетін рухани байлық бір бөлек.

Елбасымыз өзінің Ұлытау төріндегі берген сұхбатында басты арманы елімізді Мәңгілік ел ету екенін айтты. Сол мәңгілік елді жасау үшін материалдық байлықтарымыз бен рухани байлықтарымыздың қабысып жатуы қажеттігін санасы ояу жанға сарқып тұрып құйып берді. Оны тіпті аспанасты елінен келген Цинь Хунвей де жазбай танып, ұғынып тұр емес пе...

Суреттерді түсірген  
автор.

# Жері байдың елі де бай

елдің бірі білмес. Ол

— Құмкөлдегі «ПетроКазахстан» мұнай компаниясының басқарма төрағасы Цинь Хунвей деген азамат. Мейманмен бірге осы компанияның Вице-Президенті Болат Көшербаев, күрделі құрылыс жөніндегі директоры Абдолла Әбенұлы сынды бір топ азаматтар мен жетекші мамандар да келді. Біз шетелдік мейманмен «Ұлытау» ұлттық табиғи-тарихи қорық-мұражайы тіккен кигіз үйдегі көшпелі көрмеде жолықтық. Қонақтың бұлайша ұлттық болмысымыздың жауһар жәдігерлерін тамашалап жүруі, елдің-жердің тарихына деген қызығушылық танытуы бізді бір серпілтіп тастады. Осы бір орайлы сәтті пайдалана отырып, біз аспанасты елінің азаматымен тілдесіп қалуды жөн көрдік. Ол ойымызды Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Аманжол Мырзабековке жеткіздік. «Сабақты ине сәтімен» деген емес пе, мейман да қарсылық білдіре қойған жоқ. Тілмаш арқылы әңгімеміз мейманның Ұлытау жерінен алған әсері, компанияның аудан экономикасына қосып отырған үлесі, Елбасының Ұлытау төрінде берген сұхбаты жайлы әрбір жатты.

— Менің Ұлытау өңіріне бұл бірінші келуім. Ұлытаудың табиғаты, ландшафты, бүгінгі өткелі жатқан тойдың дүбірі маған үлкен әсер қалдырып отыр. Мына, көшпелі көрме арқылы мен осы өңірде болған тарихи оқиғалардың көбіне қанығып, қызығып отырмын. Көшпелі халықтың көне мәдениеті, қолөнері, салт-дәстүрі мүлдем бөлек. Және оның өзге аймақтардағы сондай салт-дәстүр, мәдениет пен өнер арқылы бір-

мағының тарихын өте терең білетіндігі болды. Және Президенттің сол аймақтың

қолымыздан келгенінше қайтарымында

уметтік серіктестігіміз одан әрі жарқын жалғасын табатын болады. Осы тұрғыда ауданның 75



келешегіне қатты алаңдайтындығы үлкен әсер етті. Осы таудың кеше елдің бірлігіне, ынтымағына ұйытқы болғанын айта келіп, тұтас елді бірлікке, ынтымаққа шақырды. Дінге, тілге қатысты да өз ойын ашық жеткізді.

Кешегі, кеңес үкіметі құлап, әр республика жеке-жеке кетіп жатқанда Қазақстанның сол бір ауыр жылдардан қиналмай шығуы Ел Президенті Н.Назарбаев мырзаның дұрыс шешім қабылдай білуінің нәтижесі екені даусыз. Сол дұрыс шешімдердің бірі елге шетелдік инвесторларды шақырып, оларға тұралап жатқан өндірістерді сеніп тапсыруы болды. Соның арқасында Қазақстанның өндірісі аса тарыншылық көрмеді. Өндіріс кешегі

жасап жатырмыз. Ауданның экономикасына жыл сайын қомақты қаржы құйылып жатыр. Мұның сыртында, ауданға әлеуметтік тұрғыдан да қолдау көрсетіліп келеді. Ұлытау ауданын көркейтуге қосып отырған үлесіміздің бар екенін де мақтана айта аламыз. «ПетроКазахстан» компаниясының степендиялық бағдарламасы аясында Ұлытау ауданының екі жеткіншегі Бежіндегі жоғары оқу орындарында оқып жатыр. Оның бірі медициналық институтта дәріс алса, екіншісі мұнай институтының студенті. Олардың оқулары компанияның қаржысы есебінен төленеді. Биыл біздің компания Ұлытау ауданының ауыл шаруашылығы

жылдық мерейтойына да компания қомақты көмек көрсетті. Тойға кигіз үй тігіп, той тартуы ретінде электронды тұрмыстық заттар әпердік. Бәйгеге тігуге бір ресейлік автокөлік сыйға тарттық. Мұндай сый-сияпаттар мен тарту-таралғылар келешекте де болып тұрады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мырза өзінің сұхбатында Қазақстанның келешегі кемел болуы үшін оның жастары білімді, мамандары іскер, кәсіпкерлері шаруақор болуы қажеттігін, басшыларының қарым-қабілеті қарымды, шетелдік кәсіпорындармен қарым-қатынас орната білуі керектігін де айтып өтті. Ұлытау ауданында ондай іскер жас басшылар аз емес.



# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қарағанды облысы, «Ұлытау ауданының әкімдігі» ММ-сі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру жөнінде конкурс жариялайды

| учас-ток № | Нысаналы мақсаты             | Жер учаскесінің орналасқан жері (шаруашылық орталыққа дейінгі орташа қашықтық)               | Көлемі гектар (га) | Жалға беру мерзімі жыл | Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (балл бонитеті)                 |
|------------|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| 1          | 2                            | 3                                                                                            | 4                  | 5                      | 6                                                                   |
| 1          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Ұлытау с/о, Ұлытау селосынан солтүстік шығысына қарай 20 км жерде                            | 570                | 10 жыл                 | Егістік -27 га, жайылымы-540 га, баска түрі-3 га, балл бонитет-11   |
| 2          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 74 км жерде                           | 376                | 10 жыл                 | жайылымы-372 га, баска түрі-4 га, балл бонитет-1                    |
| 3          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Ұлытау ауданының босалқы жерлері, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 78 км жерде      | 995                | 10 жыл                 | жайылымы-992 га, баска түрі-3 га, балл бонитет-4                    |
| 4          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 66 км жерде                           | 2900               | 10 жыл                 | жайылымы-2892 га, баска түрі-8 га, балл бонитет-10                  |
| 5          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Терісаққан с/о, Терісаққан селосынан оңтүстік батысқа қарай 14 км жерде, Алат қыстағы аумағы | 1000               | 10 жыл                 | Шабындығы-152 га, жайылымы-799 га, баска түрі-49 га, балл бонитет-6 |
| 6          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Аманкелді с/о, Сарлық селосынан оңтүстік батысына қарай 60 км жерде                          | 450                | 10 жыл                 | жайылымы-447 га, баска түрі-3 га, балл бонитет-16                   |
| 7          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қаракенгір с/о, Бозтұмсық селосынан оңтүстік батысқа қарай 12 км жерде                       | 1340               | 10 жыл                 | жайылымы-1333 га, баска түрі-7 га, балл бонитет-11                  |
| 8          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарсақбай к/о, Қарсақбай кентінен оңтүстік шығысқа қарай 30 км жерде                         | 2500               | 10 жыл                 | жайылымы-2494 га, баска түрі-6 га, балл бонитет-8                   |
| 9          | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қоскөл с/о, Қоскөл селосынан оңтүстік батысқа қарай 33 км жерде                              | 1750               | 10 жыл                 | жайылымы-1729 га, баска түрі-21 га, балл бонитет-4                  |
| 10         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 65 км жерде                           | 918                | 10 жыл                 | жайылымы-914 га, баска түрі-4 га, балл бонитет-6                    |
| 11         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан оңтүстік батысқа қарай 75 км жерде                            | 1200               | 10 жыл                 | жайылымы-1197 га, баска түрі-3 га, балл бонитет-4                   |
| 12         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 45 км жерде, Сарысу өзенінің бойы     | 926                | 10 жыл                 | жайылымы-921 га, баска түрі-5 га, балл бонитет-9                    |
| 13         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Аманкелді с/о, Сарлық селосынан солтүстік батысына қарай 61 км жерде                         | 3200               | 10 жыл                 | жайылымы-2556 га, баска түрі-644га, балл бонитет-8                  |
| 14         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қоскөл с/о, Қоскөл селосынан оңтүстік шығысқа қарай 46 км жерде                              | 1000               | 10 жыл                 | жайылымы-990 га, баска түрі-10, балл бонитет-6                      |
| 15         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қоскөл с/о, Қоскөл селосынан оңтүстік шығысқа қарай 30 км жерде                              | 500                | 10 жыл                 | жайылымы-462 га, баска түрі-38 га, балл бонитет-3                   |
| 16         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қоскөл с/о, Қоскөл селосынан оңтүстік шығысқа қарай 80 км жерде                              | 345                | 10 жыл                 | жайылымы-341 га, баска түрі-4 га, балл бонитет-10                   |
| 17         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Ұлытау ауданының босалқы жерлері, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 60 км жерде      | 6000               | 10 жыл                 | жайылымы-5987 га, баска түрі-13 га, балл бонитет-11                 |
| 18         | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Шеңбер с/о, Қорғасын селосынан солтүстік шығысқа қарай 48 км жерде                           | 150                | 10 жыл                 | Егістік -150 га, балл бонитет-18                                    |

|    |                              |                                                                                          |      |        |                                                                       |
|----|------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|------|--------|-----------------------------------------------------------------------|
| 19 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Сарысу с/о, Сарысу селосынан оңтүстік батысқа қарай 125 км жерде                         | 100  | 10 жыл | айылымдығы-100 га, балл бонитет-3                                     |
| 20 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Алғабас с/о, Бетбұлақ селосынан солтүстікке қарай 29 км жерде                            | 4500 | 10 жыл | жайылымы-4469 га, баска түрі-31 га, балл бонитет-10                   |
| 21 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарсақбай к/о, Қарсақбай кентінен оңтүстікке қарай 28 км жерде                           | 1000 | 10 жыл | Жайылымы-973 га, баска түрі-27 га, балл бонитет-11                    |
| 22 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарсақбай к/о, Қарсақбай кентінен оңтүстік батысына қарай 37 км жерде                    | 2900 | 10 жыл | Шабындық-12 га, жайылымы-2864 га, баска түрі-24 га, балл бонитет-6    |
| 23 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарсақбай к/о, Қарсақбай кентінен оңтүстікке қарай 40 км жерде                           | 440  | 10 жыл | Жайылымы-437 га, баска түрі -3, балл бонитет-6                        |
| 24 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Алғабас с/о, Бетбұлақ селосынан оңтүстік шығысқа қарай 10 км жерде                       | 650  | 10 жыл | Жайылымы-647 га, баска түрі -3, балл бонитет-7                        |
| 25 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Мибұлақ с/о, Мибұлақ селосынан солтүстік батысқа қарай 39 км жерде, Сарысу өзенінің бойы | 500  | 10 жыл | Жайылымы-476 га, баска түрі -24, балл бонитет-9                       |
| 26 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қоскөл с/о, Қоскөл селосынан оңтүстік батысына қарай 48 км жерде                         | 2500 | 10 жыл | Жайылымы-2462 га, баска түрі-38 га, балл бонитет-4                    |
| 27 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Сарысу с/о, Сарысу селосынан оңтүстік батысқа қарай 19 км жерде                          | 428  | 10 жыл | Жайылымы-426 га, баска түрі -2 га, балл бонитет-11                    |
| 28 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Шеңбер с/о, Шеңбер селосынан солтүстік шығысқа қарай 39 км жерде                         | 1700 | 10 жыл | Шабындығы-153 га, жайылымы-1533 га, баска түрі -14 га, балл бонитет-8 |
| 29 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Ұлытау с/о, Ұлытау селосынан оңтүстікке қарай 50 км жерде, Талдысай аумағы               | 1600 | 10 жыл | Шабындығы-8 га, жайылымы -1583 га, баска түрі-9, балл бонитет-8       |
| 30 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Ұлытау с/о, Ұлытау селосынан оңтүстік шығысқа қарай 6 км жерде                           | 650  | 10 жыл | Шабындығы-36 га, жайылымы-610 га, баска түрі -4 га, балл бонитет-8    |

Конкурсқа белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі. Конкурсқа ұсынылып отырған жер учаскелерін тиімді және жер заңнамалары талаптарына сәйкес пайдалану міндеттеледі. Конкурсқа қатысуға өтінім құжаттары конкурс өткізу жөніндегі ақпараттық хабарламаның баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Абай көшесі, №22 ғимаратта орналасқан «Ұлытау ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 30 қараша сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінім құжаттары салынған конверттерді ашу рәсімі 2014 жылғы 2 желтоқсан күні сағат 15-00 де мына мекен-жайда: Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Абай көшесі №27 үйде орналасқан, Ұлытау ауданы әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында өтеді. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке тұлғаның конкурстық өтінімінде мынадай мәліметтер болуға тиісті: жеке тұлғаның куәлігінің ( төлқұжат ) немесе уақытша куәлігінің көшірмесі; конкурсқа қатысуға өтінім ( түпнұсқасы ). Конкурсқа қатысуға ниет білдірген қатысушы бір немесе бірнеше жер учаскесіне конкурстық өтінім ұсына алады; қатысушы ұсынатын бизнес-жоспар немесе ауылшаруашылық дақылдар өндіру үшін қажетті ауылшаруашылық машиналары көрсетілген ерікті түрде дайындалған жер учаскесін пайдалану бағдарламасы және оларды сатып алу (жалға алу, қызмет көрсетуді сатып алу) шартының көшірмесі; білімі туралы дипломының көшірмесі және ауылшаруашылығы саласындағы еңбек қызметі және жұмыс өтілі туралы мәліметтері бар өмірбаяны; қатысушыға, конкурстық комиссия жеңімпазды анықтағанда ескерілетін, өзі туралы басқа да сенімді ақпараттарды ұсынуға болады.

Конкурсқа байланысты қосымша деректерді Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Абай көшесі №22, «Ұлытау аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен алуға болады, байланыс телефоны/факс: 8(71035)21322.

Конкурстық комиссия.



## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ГУ «Акимат Улытауского района» Карагандинской областей объявляет конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства

| № Зем. | Целевое назначение        | Месторасположение зем. участка среднее расстояние от хозяйственного центра  | Площадь (гектар) | Срок аренды лет. | Краткая характеристика зем. участка (состав и виды угодий балл бонитета) | 19 | Для ведения крестьян. хоз | Сарысуский с/о, 125 км к юга-западу от с.Сарысу                        | 100  | 10 лет | Пастбищ-100 га, Балл бонитет-3                                      |
|--------|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------|------------------|--------------------------------------------------------------------------|----|---------------------------|------------------------------------------------------------------------|------|--------|---------------------------------------------------------------------|
| 1      | 2                         | 3                                                                           | 4                | 5                | 6                                                                        | 20 | Для ведения крестьян. хоз | Алғабасский с/о, 29 км к северу от с.Бетбулак                          | 4500 | 10 лет | Пастбищ-4469 га, Др.угодия -31 га, Балл бонитет-10                  |
| 1      | Для ведения крестьян. хоз | Улытауский с/о, 20 км к северо-востоку от с.Улытау                          | 570              | 10 лет           | Пашня -27 га, пастбищ-540 га, Др.угодия -3 га, Балл бонитет-11           | 21 | Для ведения крестьян. хоз | Карсақпайский п/о, 28 км к югу от п.Карсақпай                          | 1000 | 10 лет | Пастбищ-973 га, Др.угодия -27 га, Балл бонитет-11                   |
| 2      | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 74 км к северо-западу от с.Мибулак                         | 376              | 10 лет           | Пастбищ-372 га, , Др.угодия -4 га, Балл бонитет-1                        | 22 | Для ведения крестьян. хоз | Карсақпайский с/о, 37 км к юга-западу от п.Карсақпай                   | 2900 | 10 лет | Сенокос -12 га, пастбищ-2864 га, Др.угодия -24 га, Балл бонитет-6   |
| 3      | Для ведения крестьян. хоз | Земли запаса Улытауского района, 78 км к северо-западу от с.Мибулак         | 995              | 10 лет           | Пастбищ-992 га, Др.угодия -3 га, Балл бонитет-4                          | 23 | Для ведения крестьян. хоз | Карсақпайский с/о, 40 км к югу от п.Карсақпай                          | 440  | 10 лет | Пастбищ-437 га, Др.угодия -3 га, балл бонитет-6                     |
| 4      | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 66 км к северо-западу от с.Мибулак                         | 2900             | 10 лет           | Пастбищ- 2892га, Др.угодия- 8 га, Балл бонитет- 10                       | 24 | Для ведения крестьян. хоз | Алғабасский с/о, 10 км к юго-востоку от с.Бетбулак                     | 650  | 10 лет | Пастбищ-647, др.угодия -3, Балл бонитет-7                           |
| 5      | Для ведения крестьян. хоз | Терсақканский с/о, 14 км к юго-западу от с.Терсақкан, в районе зимовки Алат | 1000             | 10 лет           | Сенакос -152 га, пастбища- 799 га, Др.угодия- 49 га, Балл бонитет- 6     | 25 | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 39 км к северо-западу от с.Мибулак, вдоль реки Сарысу | 500  | 10 лет | Пастбищ- 476 га, Др.угодия -24 га, Балл бонитет-9                   |
| 6      | Для ведения крестьян. хоз | Амангельдинский с/о, 60 км на юга-запад от с.Сарлык                         | 450              | 10 лет           | Пастбищ- 447 га, Др.угодия- 3 га, Балл бонитет-16                        | 26 | Для ведения крестьян. хоз | Коскольский с/о, 47 км к юга-западу от с.Косколь                       | 2500 | 10 лет | Пастбищ- 2462 га, Др.угодия -38 га, Балл бонитет-4                  |
| 7      | Для ведения крестьян. хоз | Карақенгірский с/о, 12 км к юго-западу от с.Бозтұмсық                       | 1340             | 10 лет           | Пастбищ- 1333 га, Др.угодия- 7 га, Балл бонитет-11                       | 27 | Для ведения крестьян. хоз | Сарысуский с/о, 19 км к юго-западу от с.Сарысу                         | 428  | 10 лет | Пастбищ-426 га, Др.угодия -2 га, Балл бонитет-11                    |
| 8      | Для ведения крестьян. хоз | Карсақпайский п/о, 30 км к юга-востоку от п.Карсақпай                       | 2500             | 10 лет           | Пастбищ -2494 га, Др.угодия- 6 га, Балл бонитет-8                        | 28 | Для ведения крестьян. хоз | Шенберский с/о, 39 км к северо-востоку от Шенбер                       | 1700 | 10 лет | Сенокос -153 га, пастбищ- 1533 га, Др.угодия -14 га, Балл бонитет-8 |
| 9      | Для ведения крестьян. хоз | Коскольский с/о, 33 км к юга-западу от с.Косколь                            | 1750             | 10 лет           | Пастбищ- 1729 га, Др.угодия 21-га, Балл бонитет-4                        | 29 | Для ведения крестьян. хоз | Улытауский с/о, 50 км к югу от с.Улытау, в районе села Талдысай        | 1600 | 10 лет | Сенакос -8 га, пастбищ- 1583 га, Др.угодия -9 га, Балл бонитет-8    |
| 10     | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 65 км к северо-западу от с.Мибулак                         | 918              | 10 лет           | Пастбищ-914 га, Др.угодия - 4 га, Балл бонитет-6                         | 30 | Для ведения крестьян. хоз | Улытауский с/о, 6 км к юго-востоку от с.Улытау                         | 650  | 10 лет | Сенокос -36 га, пастбищ- 610 га, Др.угодия -4 га, Балл бонитет-8    |
| 11     | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 75 км к юга-западу от с.Мибулак                            | 1200             | 10 лет           | Пастбищ-1197 га, Др.угодия -3 га, Балл бонитет-4                         |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 12     | Для ведения крестьян. хоз | Мибулакский с/о, 45 км к северо-западу от с.Мибулак, вдоль реки Сарысу      | 926              | 10 лет           | Пастбищ-921 га, Др.угодия -5 га, Балл бонитет-9                          |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 13     | Для ведения крестьян. хоз | Амангельдинский с/о, 61 км к северо-западу от с.Сарлык                      | 3200             | 10 лет           | Пастбищ-2556 га, Др.угодия -644 га, Балл бонитет-5                       |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 14     | Для ведения крестьян. хоз | Коскольский с/о, 46 км к юго-востоку от с.Косколь                           | 1000             | 10 лет           | Пастбищ-990 га, Др.угодия -10 га, Балл бонитет-6                         |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 15     | Для ведения крестьян. хоз | Коскольский с/о, 30 км к юга-востоку от с.Косколь                           | 500              | 10 лет           | Пастбищ-462 га, Др.угодия -38 га, Балл бонитет-3                         |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 16     | Для ведения крестьян. хоз | Коскольский с/о, 80 км к юга-востоку от с.Косколь                           | 345              | 10 лет           | Пастбищ-341 га, Др.угодия -4 га, Балл бонитет-10                         |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 17     | Для ведения крестьян. хоз | Земли запаса Улытауского района, 60 км к северо-западу от с.Мибулак         | 6000             | 10 лет           | Пастбищ-5987 га, Др.угодия -13 га, Балл бонитет-11                       |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |
| 18     | Для ведения крестьян. хоз | Шенберский с/о, 48 км к северо-востоку от с.Шенбер                          | 150              | 10 лет           | Пашня-150 га Балл бонитет-10                                             |    |                           |                                                                        |      |        |                                                                     |

В конкурс допускаются физические и юридические лица Республики Казахстан зарегистрированные в установленном порядке. Возлагаются обязательства по рациональному использованию земельных участков и в соответствии требований земельных законодательств выставляемых на конкурс.

Заявление и документы на участия в конкурс принимаются после опубликования информационного сообщения в периодических печатных изданиях в течений 30-календарных дней в ГУ «Отдел земельных отношений Улытауского района» расположенный по адресу с.Улытау Улытауского района ул.Абая, 22 до 18-00 часов 30 ноября 2014 года.

Процедура вскрытия конвертов с конкурсными заявлениями проводится 15-00 часов 2 декабря 2014 года в зале заседаний районного акимата по адресу с.Улытау Улытауского района, ул.Абая.27.

Конкурсная заявка физических и юридических лиц изъявившие желание участвовать в конкурсе должна содержать: копию удостоверения личности, заявку на участие в конкурсе (оригинал), участник изъявивший желание участвовать в конкурсе, предоставляет свою конкурсную заявку на один или несколько земельных участков, предлагаемый участником бизнес план или производственную программу использования земельного участка в произвольной форме с указанием фактического наличия необходимых с/х машин для возделывания сельскохозяйственных культур, и представить копию договора на их приобретение, копию диплома об образовании и автобиографию с указанием сведений о трудовой деятельности и стаже работы в отраслях сельского хозяйства, участник может предоставить и иную достоверную информацию о себе, которая может быть учтена конкурсной комиссией при определении победителя конкурса.

Дополнительные сведения можно получить в ГУ «Отдел земельных отношений Улытауского района» с.Улытау ул.Абая телефон/факс: 8(71035)21322.

Конкурсная комиссия.



**Мағзұмбек МАШАЙЫҚОВ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі**

Бұл оқиға осылай өрбіді ме, жоқ басқаша болды ма? Оны бір Алла ғана біледі. Бізге жеткен аңыз осылай дейді. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан бұл аңызды жоққа шығармаған, Әлекең Лак деген батырдың заманында болғанын айтқан еді. Бұл жерде Асанқайғы бабамыздың болғаны анық екенін айтты. «Сонда қай уақытта болған» деген сұраққа Әлекең: - Оны зерттеп жатырмыз. Қазір бір тоқтамға келгеніміз жоқ,-деп жауап бергені, одан әрі осы Ұлытауға келгенде, «Елдің аласы, рудың таласы жоқ, бауыры құт, шөбі ет, суы сүт, жердің ортасы, елдің ордасы болатын жер екен. Мен іздеген Жерұйық осы Көк-төбенің бауыры шығар» деп осыдан тұрақтап қалыпты. Осы жерде Тана деген бәйбішесі қайтыс болып, оны бәйбішесінің айтуы бойынша осы таудың басына жерлепті. Өлерінде бәйбішесі «мені осы таудың ұшар басына жерлендер түбі менің атымды осы тау ұрпағыма ұмыттырмас» депті. Тана әулие кісі болыпты. Ер адамдар барса оның бас киімін алып, басына жастап, қисайып жатады екен де, тұрғаннан кейін басынан өткендерін, ол кісінің болашағын айтып беретін болыпты. Ал әйел адам барса алдына жатып, «басымды қарап бер» дейді екен. Бұл кісінің басына келіп адамдар түнейді екен. Сонда Тана анамыз олардың түсіне ақ киіммен «Ақмешіттің» ішінде отырған кейіпті көрініп аян беретін болған. Содан бұл тау «Ақмешіт әулие» атанып кетіпті. Жалпы тарихта бұлар болған кісілер - деді Әлкей Марғұлан. Ол кісінің айтуына қарағанда қазіргі Сарлық селосының орталығы тұрған жерде бір заманда «Ақкөл» деген айдын көл болған екен. Кейін жер астына сіңіп, жоғалып кеткен,-дейді. Бұл Ұлытау өңірінің тарихын тәптіштеп жазуға бір емес бірнеше жыл уақыт керек. Алты облыстың жерімен шектесіп жатқан ұлан-байтақ Ұлытаудың жері тұнып тұрған тарих. Олардың әрқайсысы бірнеше жыл зерттеуді қажет етеді.

**«Айдаһарлы-Құдайберлі үңгірі»**

Алғабас ауылының солтүстік шығысында «Жаксыкөң», «Жаманкөң» деген жерлер бар. Осы жерде «Болтай» қыстағы деген жерден шамамен 12 шақырымдай жерде «Айдаһарлы-Құдайберлі» деп аталатын жерде алып үңгір бар. Үңгірдің аузы батысқа қарап тұр. Кіреберіс қабырғаларында жыландардың, алып айдаһардың бейнелері, үңгірдің алдындағы жалпақ таста Айдаһардың иіріліп жатқан орыны айқын көрінеді. Ел аузындағы аңызға құлақ салсақ бұл жерде Құдайберлі деген бір бай болған оның жылқысының өзі 40 мың болыпты. Сол жерде осы үңгірді бір алып айдаһар мекендепті. Құдайберлінің жыланның тілін білетін қасиеті бар екен. Бір жылы Құдайберлі қыста соятын өзінің ауылының соғымын алып қалып басқа жылқыларды Есілге айдады. Бір күні ауылда қалған жылқыдан жылқышы айырылып қалады. Жылқылардың ізі айдаһардың үңгіріне қарай кетіп жатады. Жылқышы ізімен қуып келе жатып үңгірге таянғанда оған баруға батылы жетпей ауылға келіп «жылқының бәрін айдаһар айдап әкетті мені айбат шегіп таянтпады, жұтып жіберер деп қашып кеттім» дейді. Ауыл адамдары жылқышыны өлтіріп жібермекші болады. Бірақ бай оларды тоқтатып «бәрін жұтып қойған жоқ шығар, өзім барамын» деп қасына 4-5 жігітті ертіп жүрмекші болып жатқанда ауылға қарай жорығып келе жатқан жылқыларды көреді. Жылқыға қарай лап қойған ауыл адамдары артында келе жатқан айдаһарды көріп тым-тырақай ауылға қарай қашады. Айдаһар сол жерден жылқыны тастап қайтып кетеді. Жылқыдан бір баста шығын болмаған екен. Құдайберлі өзі

соғымға соямын деген ту биені ұстатып, жетектеп, айдаһардың үңгіріне келсе айдаһар сыртта жатыр екен. Бай атынан түсіп, биені жетектеп айдаһардың алдына келіп тізерлеп отыра қалады. Сол кезде айдаһар басын көтеріп: - Сен достық ниетпен келіп отырсың. Менің жыртқыш екенім рас бірақ достықты ардақтай білеміз. Адамдар сияқты екіжүзділік, алдау, уәдеден тайып кету бізде болмайды. Жылқының үңгірге келгені екен бір тайыңа тимей ауылыңа айдап апарып бердім. Рас сенің кейде бір тайынды жем етіп кел-

не келсе, айдаһар сыртта жатыр екен. -Е, Құдайберлі досым, екеуіміздің айрылысар сәтіміз келді. Мен өзінді күтіп отыр едім. Бұл жерден кетемін-деп локсып қалғанда баланың өлі денесі сыртқа шығады. Сенен бір тілегім: мына балаңды жерлегенде менің құйрығымды да жерлей сал-дейді. -Жазу солай болған шығар. Сен жылы орныңды суытпа,-дейді Құдайберлі. -Жоқ, досым бұл оңай шаруа емес. Бір күні сенің балаң есіңе түсер, менің құйрығым есімер түсер. Сөйтіп, бір-бірімізге қастық жасармыз.

Мені осы бұлақтың «Қандыбұлақ» деп аталуы, құжынап жатқан қорымдағы марқұмдар қалай қайтыс болғаны ма-залай беретін? Бұлар «оба» ауруынан ба әлде аштықтан ба, әйтеуір бір себеппен қырылып қалып, содан бұлаққа «Қандыбұлақ» атаған шығар деп ойлайтынмын. Ауылдың көпті көрген, көнекөз кәрі құлақ қарияларының бәрі білмейді. Олар да менің болжамымды айтады. Бұл «Қанды бұлақтың» сұмдық оқиғасын ойда жоқта естідім. 1965 жылы кезекті еңбек демалысымды алып, әкемнің тапсырмасымен

мы мол, ойдан орып, қырдан қырып табатын табыскер, өзі аңшы-мерген кісі болыпты, ауылға кедейшілік тауқыметін тартқызбаған. Қазыбек аяқ астынан ауырып, қайтыс болады да, ауылға оның 19 жасар ұлы Әлім басшылық жасайды. Әлімнің жүйрік «Ала айғыры», «Құмай» деген ала тазысы болады. Ауылды қысы-жазы аңның етімен қамтамасыз етіп отырады екен. Сол кезде аймағынан айтқанын екі еткізбейтін Зекет деген бай болыпты. Қарулы жігіттерден бұзықтар, ұрылар ұстайды екен. Сол бай Әлімнің «Ала-

# Ұлытау - атымыздың алатын бесігі



дім. Онымен сенің дәулетің ортаймайды ғой. Енді келген шаруанды айт-дейді. Құдайберлі дос болуға келгенін, достықтың белгісі ретінде өзінің соғымға союға алып қалған ту биесін әкеліп отырғанын айтады. Сонда айдаһар: - Мен сенің достық ниетінді қуана қабылдаймын. Ал биенді қабылдай алмаймын. Өзіңе арнаған екенсің, өзің же. Мен қыс бойы қалың ұйқыда болам. Жаз шыққанда бір малыңды берерсің: осыған дейін өзіңнің рұқсатыңсыз бір малыңды шығындап келдім. Енді тек өзің бергенді ғана аламын. Сол жерде екеуі дос болып, бай аман-сау биесін жетектеп, қасындағыларын ертіп, алаңдап отырған ауылдарына келіпті - дейді. Осылай жылдар өтіп жатады. Байдың Жылқыбай деген есерсоқ баласы болыпты. Бірде достарымен серуендеп келе жатып, айдаһардың үңгіріне тап болады. Үңгірдің алдындағы күнестеп жатқан айдаһарды көріп, «осыған жылқымызды жегізіп қоямын ба? Қазір оны қылышпен шауып өлтіремін» деп жолдастарының айтқанына көнбей, айдаһарды шауып жібереді. Басы деп шапқаны құрығы болып шығады. Ал ашу бұған айдаһар жігітті жұтып жібереді. Болған оқиға жөнінде ауылға қаралы хабар жетеді. Құдайберлі болған іске болаттай, нені болсын он күн ойланып, тоғыз күн толғанып шешетін ақылды кісі екен. Ол өзінің ауылына ғана емес аймағына қадірлі, қолы ашық, байлығын бауырына баспайтын жомарт бай болыпты. Ауылдың азаматтары айдаһарды өлтіру керек деп шулайды. Сонда Құдайберлі оларды басып, «Бұл Алланың жазуы, оған қарсы шығуға болмайды. Екіншіден менің балам жәй жатқан айдаһарға өзі келіп соқтықты. Сенің жәйдан жәй отырғанда бір аяғыңды, не қолыңды шауып тастаса не істер едің? Дүрлікпендер өзім барып қайтам» деп айдаһардың үңгірі-

Осы жақсы күнімізде айрылысқанымыз жөн. Жүрегімізде өкініш пен достық та сақталады-деп кетіп қалыпты. Құдайберлі айдаһардың құйрығын бір биік қырканың басына жерлепті. Оны ел қазір «құйрықжал» дейді. Оқиғаның қалай болғанын бір Алла біледі. Мұны көріп-білген адам жоқ. Ал бізге жеткен аңыз осылай дейді. Бір ғажабы осы үңгірге фонар шаммен кіргендер 4-5 метр жүргеннен кейін фонар шам өшіп қалғандай қап-қараңғы болады да, қайта шыққанда шам жапыр тұрады. «Оның түбінде алтын бар» дейтін қариялар. Мұны бүгінгі ғалымдардың, келер ұрпақтың есінде болсын, зерттелсе деген оймен жазып отырмын.

**«Қандыбұлақ» оқиғасы**

Қасиетті Ұлытау өңірінің заманында талай тарихи оқиғалар өткен ғой. Ашылғандарынан ашылмай, сырды бойына бүгіп жатқандары көп екені даусыз. Соның бірі осы «Қандыбұлақ» оқиғасы. Бұл оқиға заманында аймақтағы елді еңіреткен қара жүрек зұлымдықтың бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген көрінісі еді. Қорғасын селосы (бұрынғы аты Дөбей) «Шенбер» ауылының орталығы. Осы Қорғасынның оңтүстік шығысында Ұлытаумен екі арада Арғанаты тауының сілемі «Ала айғыр» деген адыр бар. 1964 жылға дейін бұл жерде кеңшардың қыстағы болды. Кейін бос қалды. Осы адырдың батыс жақ етегінде бір бұлақ бар. Мұны ел «Қандыбұлақ» деп атайды. Бұлақты шарбақпен қоршағандай тура жиегін дөңгелетіп көмген адамның моласы. Бұлаққа сол молалардың арасымен ғана барады. Жағалай он бес-жиырма адам көмілген. Кеңшар кезінде мұнда жазда шөпшілер бригадасы отырады. Мен шофер болып жүрген кезімде Алтуайтаттып асып, осы бұлақты басып, Ұлытауға, қалаға баратын едік.

сол кісінің Атбасардың арғы жағында «Жалтыр» станциясында тұратын Зәмзәнбай деген қарындасына барып қайтпақ болып, Арқалықтан поезға отырдым. Мен кірген купеде алпысты алқымдаған әдемі ақ сакалы омырауын жапқан үлкен кісі отыр екен. Мен сол кісінің үйіне келгендей, елпілдеп қарсы алды. Жайғасып отырғаннан кейін үлкен кісілердің әдетімен аты-жөнімді, руымды, қайдан келе жатқанымды, қайда баратынымды тәптіштеп сұрап алды да, өзінің атын Сағындық Есенаманов деп таныстырды. Сен Шенбер кеңшарынанмын дедім бе, орталығы Дөбейде ғой. -Иә, орталығы-Қорғасын селосы-дедім. -Ол кейінгі атауы ғой, жарайды, сен Ұлытау мен Дөбейдің арасындағы «Ала айғыр» деген жерді білесің бе? деді. Менің құлағым елең ете қалды. «Иә, білемін»-дедім. -Ол біздің ата-мекеніміз екен. -Ата-мекеніңіз болса сол жердегі бұлақтың «Қандыбұлақ» деп неге аталғанын, жағалай жатқандамдардың қалай өлгенін де білетін шығар-дедім. -Иә, шырағым, ол сұмдық оқиға болыпты. Әкем марқұм сол оқиғаны егіліп отырып айтып беріп еді. Бұл бір ұзақ әңгіме. Әуелі тамақтанып алайық-деп столдың үстіне қазы, қарта нешетүрлі тамақтарды қойды. Менің есілдертім тамақта емес, жанағы әңгімені тезірек айтса, деп отырмын. Тамақты ішіп болдық. Қолымызды жуып келіп жайғасқаннан кейін. «Ал шырағым мұны білген жөн. Тыңда «Қанды бұлақ» оқиғасын айтып берейін, бір кездері керек болар» деп әңгімесін бастады. -Иә, бұл шынында да «Қандыбұлақ». Бұл жерде сан шаңырақ қалды құлап-деп өлеңмен бастады. Басында мұның аты «Бастаубұлақ» екен. Бұл жерде он үй кедей-кепшіктер мекендеп, алқабына егін салып, одан азын-аулақ өнім алып күнелетеді екен. Ауылды Қазыбек деген орта шаруа иесі басқарады. Ол кісі өте әділ, қайыры-

айғырына» қызығып сұратып жібереді. «Астындағы Ала айғырды менің балам Жанайға берсін. Жылқымынан таңдап тұрып бір ат алсын»-дейді. Жазушылар келіп байдың сөзін жеткізеді. -«Ат-ердің қанаты» дейді дана халқымыз. Маған қанатыңды қиып бер дегені ме, байкеңнің бұл қай қолқасы. Мен осы атыммен бірге ауылға азды-көпті несібе тауып беріп отырмын. Үйірлеп жылқы берсе де атымды бере алмаймын-деп қайтарады. Ешкімнен беті қайтпаған, кедейлер түгілі өзі теңдес байлардың өзі қарсы сөз айтпаған Зекет ашуға мініп, «егіндерін жылқыға таптағындар, атты тартып әкеліндер» деп баласын басшы етіп, «сен тұр мен атайын» дейтін 10 жігітті жібереді. Адамдардың бәрі егін суарып, егістің басында жүргенде қалың жылқы егісті таптап өтеді. Сол жерде «соғыс» болып Әлім бастаған ауыл адамдары 10 жігітті күрекпен, кетпенмен ұрып жығады. Байдың баласының бір көзі ағып түседі. Әлім жылқыдан бір үйірді бөліп алып қалады. Ебілтебіл боп байдың жігіттері, бір көзінен айырылған баласы келеді. Мұны көрген бай нағыз қанпезерлік әрекетті ойлап табады. 30 қыл арқанмен 30 жігітті түнде аттандырып, үйлерде адам шықпайтындай етіп, шаңдып, өртеп жіберіндер, бірде-бір адам бесіктегі балаға дейін тірі қалмасын, Әлімді байлап маған алып келіндер-деп бұйырады. Байдың жаналғыштары шыртық қалыңда жатқан ауылға келіп, күзетте жүрген төрт-бес жігітті аңдаусызда өлтіріп, үйлерді шаңдып, Әлімді ұйықтап жатқан жерінде күзетшілердің бірінен біліп алып, күзетшіні өлтіріп, Әлімді байлап алады. Ауылды өртейді. Тек бір қара қостан 14 жасар Құралай деген қыз бала қашып шығып, бір шұңқырға жасырынып қалады. Әлімнің қол аяғын байлап, атқа теріс қаратып мінгізіп, байдың алдына алып келеді. Таң атқанша Әлімді төрт қазыққа керіп, тастайды да, таңертен бір бұзау тайыншаны бітеу сойдырып жіберіп, теріні ішіне Әлімді салып, «таудың беткейіне, тастың үстіне апарып тастандар, мұның көзін мен емес қарға, құзғын ойсын, еті ит-құсқа жем болсын, сүйегін ит кемірсін» деп бұйырды. Алты жігіті «тұлыпқа» салынған Әлімді жайдақ атқа көлденең танып, таудың беткейіне әкеліп тастайды. «Жанын көзіне көрсетіп бір тобатай су құйындар, сол судан іше алмай, қор болып, қаталап өлсін» деген байдың тапсырмасын бұлжытпай орындайды.

**(Басы газетіміздің өткен сандарында. Жалғасы бар.)**



М. МАШАЙҚҰЛЫ

# ӨМІРІ ӨНЕТГЕЛІ ЖАН ЕДІ

*Еңбегімен ел құрметіне бөленіп, өз ісімен өзгелерге үлгі-өнеге болып жүрген азаматтармен жүздесіп, әңгімелесу, олардың өмір жолдарымен танысу, жинақпаған мол тәжірибесін естудің өзі бір заңиет емес пе? Мұндай жандар біздің арамызда көптеп саналады. Олардың бірі — қаншама жыл мектеп директоры болған Барақбай Ерғалиев еді.*

Ол бұл салада 40 жылдан астам уақыт еңбек еткен. Соның ішінде 25 жыл мектеп директоры болып, ұжымды басқарды. Сабақ кабинеттік жүйемен жүреді. Спорт залы бар. Шеберхана жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Оқушылардың жан-жақты тәрбие алуына барлық жағдай жасаған еді.

«Барақбай басшы—ол тәрбиеші» деген қағиданы есінен бір сәт те шығармайтын. Уақытының көбін тәрбие жұмысына арнайды. Өзінің 40 жылдан астам осы салада еңбек етіп, жинаған мол тәжірибесін қарамағындағы ұстаздарға үйретуден жалықпайтын. Ауданның барлық мектептеріндегі ұстаздардың көбі осы Б.Ерғалиевтан оқыған, сапалы білім, саналы тәрбие алған түлектер. Олардың

нын, халқын жанындай сүйетін жан еді. Ол аудан көлемінде білмейтін, құрметтемейтін, оның ісін үлгі тұтпайтын адам жоқ. Әрине, бірлі-жарымды адамдардың болуы да мүмкін. Оларды адамның жан дүниесін жете түсінбейтін, аяулы жандарды көре білер көкірек көзінің мүкісі бар, әркімнің лайықты өз бағасын беруге қабілетсіз жандар дер едік. Ондай адамдарға «Шамаңа қарай шалқайып, көрпеңе қарай көсіл», «Халық айтса қалт айтпайды». Сондықтан көпшілік құрметтеген адамды сенде құрметтей біл. Оның халық көріп отырған, әділ бағасын алып жүрген еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп кеңес берудің кесірі тие қоймас деп ойлаймыз.

Барақбай осы саладағы ұзақ еңбек жолында сан қиындықтар-

Ол оқытушыларға да ширек ғасыр тәрбие беріп келеді. Соның нәтижесінде Барақбай басқаратын мектеп қай жағынан алып қараса да үлгі боларлық дәрежеге жеткен болатын.

Мектепте оқушыларға еңбек тәрбиесін беру талапқа сай қалыптасқан. Соның айғағындай аудан бойынша мектеп бітіруші түлектердің ауылда қалып, комсомол-жастар бригадасын құру бастамасына тұңғыш рет осы мектептен көтерілді. Совхозда «Жанар» атты комсомол-жастар шопандар бригадасы дүниеге келді. Бұл бастама жыл сайын кеңінен қолдау тапты. Бұған мектеп директоры Б.Ерғалиевтің қосқан үлесі мол. Оларға қажетті өндірістік, мәдени-тұрмыстық жағдай жасап, ұжымда-  
жаксы моральдық-психологи-



сахнасына шығып, туған ауылын көркейтуге, еліміздің экономикасы мен мәдениетін арттыруға үлес қосуы сол тәрбие, еңбекке баулу, бағыт-бағдар берудің жемісі.

Барақбай басшы есебінде ұжымның тілін тауып, оларды ұйымдастыруда қашан да қабілеттілігімен танылды. Ол әрдайым ұжым мүддесін жоғары қояды. Сондықтан да оны өз ұжымдары да, өзге де құрметтеп, қадір тұтады. Сондықтан ол басқаратын мектеп облыс бойынша алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болды. Б.Ерғалиев жас ұрпақты тәрбиелеуді жанындай жақсы көреді. Сондықтан олар, оның отбасынан 6 мұғалім шығып отыр. Барақбайдың отасы мұғалімдер отбасы деуі де осында. Жұбайы Күләм Сатаева 45 жылдай мұғалім болып, жемісті еңбек еткен, «Халық ағарту ісінің үздігі». Балалары Нұрлан, Ләйла, Батырлан, Нұртай, келіні Жанат оқытушы болып, жас жеткіншектерді тәрбиелеп келеді. Балалары өз дерінің еңбек жолдарын жалғастырып, ата-ана, ел сенімін ақтау үшін күш-жігерлерін жұмсап, аянабай еңбек етуде. Ал, Ләззаты мен Батырланы мектептің үздік

оқушылары. Басынан бала тәрбиесіне қалыптасқан отбасының балалары да заманына сай азамат болып өсіп келеді.

Б.Ерғалиевтің үзіліссіз еткен үздік еңбегі өзінің лайықты бағасын алып жүр. 1962 жылы ол «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығы медалімен, 1975-1980 жылдары Қазақ ССР Оқу Министрінің Грамотасымен, екі рет медальдармен марапатталды. 1978 жылы Москвада өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық ІІІ съезіне делегат болып қатысқан. Бірнеше рет жергілікті Советтің депутаттығына сайланған. Мұның бәрі Б.Ерғалиевтің еңбегіне берілген әділ баға еді.

Б.Ерғалиев қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Депутат ретінде еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ықпал етіп отырады. Сондай-ақ, село мәдениетін арттыру, сәулеттендіру ісіне өзіндік үлесін қосты. Марқұм Барақбай Ерғалиев артында өлмейтін мұра, өшпейтін із қалдырған абзал азамат. Қазір ортамызда жоқ болса да оны елі үнемі еске алып отырады. Ісін ұрпағы жалғастыруда.



қай-қайсысына кездесіп, Барақбай жайлы сұрасаңыз, оның азаматтық, адамгершілігі, іскерлігі, басшылық қабілеті, талапшылдығы жөнінде сүйсіне әңгімелейді. Ол қашанда шындық пен әділдікті ту етіп, жоғары ұстаған, халық ісіне шексіз берілген, Ота-

ды жеңді. Бірақ, ол еліміздің болашақ құрылысшыларын тәрбиелеп, заманына лайық азамат етіп, шығару жолында кездескен қиындықтарды өзінің күш-жігерімен, табандылығымен, ақыл-парасатымен жеңіп, халыққа қалтқысыз қызмет етті.

ялық ахуал қалыптастырды. Дегенмен, алғашқы ұйымдастыру сатысындағы мектеп педагогикалық ұжымының еңбегін айрықша атап айтуымыз керек. Тәрбие—мектептен басталады. Оқушы жастардың мектеп табалдырығын аттасымен еңбек

## Мәдени мұра

**Ұлы жібек жолы ежелден-ақ Тынық мұхит жағалаулары мен Жерорта теңізі маңындағы және батыс Еуропа елдері аралығын жалғастырып жатқан аса ірі халықаралық қатынас жолы болған. Ол - адамзат өркениеті жасаған қайталанбас тарихи ескерткіштердің бірі. Осы керуен жолының қазіргі Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтуі Ұлы Жібек жолы дәнекер болған Батыс пен Шығыс өркениетін қазақ халқының да тыс қалмағанын дәлелдей түседі.**

Ұлытау кезінде Ұлы Жібек жолымен сабақтасып тарихтан белгілі. Б.з.д. ІІІ-ІІ мың жылдықтан басталған «мыс жолы» бүкіл Евразия құрлығына белгілі болатын. Бұл туралы «Тарих атасы» Геродоттың еңбектерінен оқуға болады. Б.з.д. І-мыңжылдықтың орта кезінде Қара теңіз өңірінен, Орал, Дон, Ертіс, Ұлытау, Алтай, Зайсан көлі алқабын мекендеген ағартылар еліне кететін «Дала жолы» бойында көптеген көне қалашықтар, керуен сарайлары орналасқан. Сондай тарихи жерлер Ұлытау жерінде көптеп кездеседі.

Ұлытаудан табылған «Қос

самұрық» бейнесі нақышталған қола пышақ, «Есік» қорғанынан табылған «Алтын адам» қанжарында қайталанып тұрса, Ұлытау кесенелеріндегі эпиграфикалық жазулар Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейімен сарындас, сонымен қатар Құтылық Темір мазарының ою-өрнектері Арыстанбаб мазарының ою-өрнектерімен бірдей. Қазақ хандығының қыстағы Түркістан, Сығанақ, Сауранда болса, жайлауы осы Ұлытауда болған.

Мәдениеттің үзілмейтін алтын жібі міне, осылай бір-бірімен сабақтасып жатыр. Айтылғанның бәрі қазақ халқының даңқты тарихы және терең тамырлы рухани мәдениеті болғанын сипаттайды. Кезінде «мыс жолы» деп аталған Ұлы жол Евразияның металлургия бастауы — Ұлытау — Жезқазғанға алып келетін. Қола дәуірінің мәдениет ескерткіштері осы өңірде көптеп шоғырланған. Ескерткіштердің шоғырын зерттеу

сол дәуірде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың тарихи өткен жолын анықтап, өлке тарихының көптеген беттерін ашуға мүмкіндік береді. Қола мәдениеті өзінің айрықша белгілерімен: қоныстар мен рудниктерден, бейіттер мен

және суару құрылыстарынан, қыш жасау мен тас өңдеу өнерінен, тас скульптуралардан, металл және сүйекті өңдеп, әр түрлі заттарды жасау әдістерінен анық көрінеді. Осының бәрі, түптеп келгенде Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда мыс қалайы және қорғасын т.б. металдарды игеру кезінде орасан даму процесі болғанынан хабар береді.

Ұлытау - қазақтың Үш Жүзінің басын қосқан, мемлекетіміздің бастауында тұрған аруақты, киелі

жер. Қасиетті Ұлытаудың бауырында қазақтың салалы тамыры, терең тарихы мен мәуелі мәдениеті жатыр.

Отырардан Арсубаникент, Арыстанды, Шаян арқылы Қаратаудың аласа жоталарынан асып, Тұран асуы арқылы Шавгар мен Ясыдан, Сауран мен Сығанақтан, Янгикенттен шыққан жолдар Орталық Қазақстанның далаларын шарлап, Сарысу мен Кеңгір,

Торғай мен Есіл өзендері жағалауларына жетіп жатты. Янгикенттен шыққан жол солтүстік-батысқа беттеп, Білеуіт өзені жағасына апарады да, одан әрі Қоңырат пен Қарсақбайға жеткізеді.

Орталық Қазақстанға бастайтын «Сарысу жолы» немесе «мыс жолы» деген сораб Отырардан шығып, Шавгар мен Тұран асуы арқылы Ақсуға, Сарысудың төменгі ағысынан өзенді жоғары өрлейтін Ұлытауға жеткізеді. Ол одан Есіл мен Ертісті бойлап кетеді. Осы «Сарысу жолымен» біздің

ұлытаулықтар 1991 жылы 12 түйемен Отырардан Ұлытауға этнографиялық экспедиция ұйымдастырған болатын. Ондағы мақсат ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолы - ынтымақтық жолы» деген бағдарламасына үлес қосу және Ұлытауды қазақтың ежелгі астанасы ретінде насихаттау еді.

Сонымен қатар Еллбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Евразиялық жобасына» сәйкес, ұлытаулықтар 1999-2005 жылдар аралығында түйемен «Алтай-Дунай» экспедициясын ұйымдастырды.

Ұлытау - географиялық орталық. Бұл туралы Қ.И.Сатбаев: «Бұрынғы уақытта Ұлытау Қазақстанның саяси өмірінің орталығы болған. Қазақтың Алаш, Ақназар, Абылай, Кенесары сияқты атақты хандары Ұлытауды мекен еткен. Бұған таудың жаратылыс жағынан өте әдемі, Қазақстанның географиялық орталығында болуы себеп болған» деп жазды. Киелі Ұлытау орталық болғасын, Жібек жолы жан-жақтан тарамдалып келуі де содан шығар.

**М.ӘБДІКӘРІМОВ,**  
**«Ұлытау» қорық-мұражайы**  
**археология**  
**бөлімінің меңгерушісі.**



Сәті түскен сұхбат

Альмира МАҚСҰТҚЫЗЫ

Осыдан екі айдай уақыт бұрын Жұржанал Махметова деген мұғалімнің дос-алты панкасын арқалап редакцияға келді. Малай Жылдар мектеп кітапханасында ерзмет істеген ұстаз №1 мектептің тарихын азды-көпті жинастырған екен. «Қызге мектебіміздің 80 жылдығы болады. Қарашаның 1-санында мерейтойы құрамында осы деректер газет бетіне шыға деген ниетпен келдім», - деді Жұржанал мұғалім. Сол күннен бастап білімнің ордасына айналған аздығы мектебіміз жайлы мақала жазу менін де жоғарыла етті. Малай тарихы тәрбиелен, малай құрметті дүдірге өресан білімнің құрашырағына айналған №1 мектептің тарихы жайлы 20 жылдан артық директор болған Шабаз Смайлов ағаралдан артық ешкім айта алмас деген оймен құрт ұстазден сұхбат жүргізген едік.

— Шабаз ата, қаншама қарлығашын ұясынан ұшырған қасиетті №1 Ұлытау орта мектебінің 80 жылдығы қарсаңында жолығып отырмыз. Мерейтой құтты болсын! «80 жыл» дегенде ең бірінші есіңізге не түсті?

— Рахмет, балам. Бәріміз осы №1 мектептің ұландарымыз. Бұл киелі білім ордасы Ұлытауға көптеген білімді ұрпақ сыйлады. Бұл мектептен дарын да, дара да, ақын да, батыр да шықты. Ғылымға талай докторлар мен профессорларды берді. Ендеше, бәріміздің ортақ үйіміздей болған аяулы №1 мектептің қуанышы қарсаңында жолығып отырғанымызға мен де өте қуаныштымын. 80 жылдық дегенде ең бірінші есіме осы мектептің іргетасын қалаған, алғашқы директор Сейтжан Смайлов түсті. Сейтжан Тройцк қаласында медреседен білім алған екен. Аманжол Төлепбаев деген азамат екеуі медресені тәмәмдаған соң ауылға оралған. Сейтжан Ұлытауда бастауыш мектеп ашқан, ал Аманжол Ахмет Ишан медресесін ұйымдастырған. Бұл екеуі Ұлытаулық алғашқы ағартушылар десек болады.

— Өзіңіз №1 мектепке мұғалім болып қашан келдіңіз?

— 1947 жылы 15 жасымда 5 сынып оқыдым. Себебі, біз мектепте оқып жүрген кезде соғыс басталып кетті де, оқу тоқтап қалған еді. Біз білім алған 1947-1951 жылдары ауылда жоғары білімдіні былай қойғанда бірде-бір орта білімді мұғалім болмаған екен. Бірақ олардың білімін растайтын қағаздары болмаса да даланың дархандығынан, таудың биіктігінен сауат ашқан өте мықты ұстаздар еді. Жамариддин Әбілдаев, Төлеген Әубәкіров сынды ұстаздардан білім алдық. Мектепті «Күміс белгіге» бітірдім. Кейін ҚазПИ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1956 жылы Ұлытауға жас маман болып оралдық. Сол жылы ауылға келген 8 жас маманның қатарында мен де бармын. Алғаш жоғары білімді мұғалімдердің Ұлытауға келуі сол жылдардан басталды. Мәрден Домбаев, Рүстем Бөрібаев, Болат Қабдыров, Қалия Сейсенбаева, Б. Тұрғынбекова сынды жас мамандар ауыл балала-

рының сауатын ашу жолында ерекше еңбек етті.

— Дипломды ұстаздардың болмағанын айттыңыз. Сіздер алғаш мектепке келгенде мектептің материалдық-техникалық жағдайы қандай еді?

— Біз келгенде мектептің жағдайы өте қиын еді. Бір-біріне қосылып салынған барақ үйде, төбесі талмен жабылған, жаңбыр жауса, су өтетін, қар жауса, қабырғасының қарының қалыңдығы көбейетін, өзіміз пеш жағып жылытатын, едені жоқ, партасы жоқ мектеп болды. Порта орнына ұзын тақтайларды қағып қоятын. Қыстыгүні мектепке апарған сиямыз суықтан қатып қалатын. Бірақ балалардың оқуға деген, үйренуге деген, ал ұстаздардың үйретуге деген ынтасы күшті еді. Сол ынтаның мықтылығынан оқитын ғимараты нашар болса да, армандарын биік қойған мықтылар озып шығып жатты. Мысалы, бір сыныптан шыққан қос министрлер Т.Шарманов пен К.Смайлов, биология ғылымдарының докторлары Рақымжан Жаппасов, Ахметжан Сейсебаев сынды азаматтарды айтуға болады.

— Мектепке алғаш келгенде ең бірінші қорқынышыңыз не болды?

— Ең бірінші қорқынышым — балалардың тілін таба алмаймын ба деген ой болды. Бірақ қорқынышым тез басылды. Оқушыларды бірден игеріп, өзара сыйласып кеттік. Екі жылдай осы мектепте мұғалім болдым, кейін комсомол комитетінде, Қорғасын орта мектебінде қызмет жасадым. 1970 жылы өзім алғаш еңбек жолын бастаған №1 мектепке директор болып тағайындалдым. 20 жыл мектеп директоры, 10 жыл оқу бөлімінің меңгерушісі болдым. Директор болған кезімде мектебіміздің материалдық-техникалық базасы қазіргідей емес, от мектептің өзінде жағылады. Тіпті, өзіміз от жағып кететін кездеріміз де болады. «Бас кочагар» деп әзілдеп айтатын

әріптестеріміз.

— Барақ мектептен жаңа мектепке қашан көштіңіздер?

— Қазіргі білім бөлімінің ғимараты 1961 жылы пайдалануға берілді. Бұл ғимараттың іргетасы соғыстан бұрын



қаланған екен. Кейін тоқтап қалған. Қазіргідей мердігерлер көп емес кезең ғой онда. Мәулетбек Назарханов деген кісінің бастамасымен шаруашылық жолымен өзіміз құрылысын бастап едік. Кейін мердігер табылып, құрылыс жандана түсті. Ал қазіргі мектеп 1979 жылы салынды. Қазіргі тұрбамен жылынатын пеш алғаш орнатылған кез еді. Оның қыр-сырын білмейміз. Төпеп жағып, тұрбасын жарып барақ мектепке бір жыл қайта көшіп оқыған кезіміз де болған.

— Есімін ерекше айтар әріптестеріңіз болды ма?

— Рүстем Бөрібаев деген әріптесім болды. Өте шебер жігіт еді. Ұстаздығынан бөлек, мектептің барлық безендірілуіне сол жауапты еді. Файнура Ерішева, Сония Усманова деген әріптестерім Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері. Барақбай Ерғалиев БүкілОдақтық ұстаздар съезіне қатысқан әріптесім. Зекен Бердалина — Оқу ісінің үздігі. Мен барлық әріптестерімнің

есімдерін зор мақтанышпен айта аламын.

— Ұстаз үшін шәкірттің орны бөлек. Өзіңізден асқан шәкірттеріңіз бар ма?

— Мен шәкірттеріммен ерекше мақтанамын. Оқушыларым қазір бір-бір саланы

керегі жоқ деп есептеймін.

— Ұстаздық деген көрмет мамандықтың кілтін ұстаған жансыз. Жолыңызды қуған балаларыңыз бар ма?

— Барлық балам мұғалімдікті бітірген. Бір қызым - №8 мектепте, бір қызым - ҚарМУ-да, енді бір қызым - Сарыағаш қаласында мұғалім. Келіндерім де мұғалімдер. Ал немерелерім қай мамандықты таңдаймын десе, ерік өздерінде.

— Осыдан он шақты жыл бұрын №1 мектепке жерлесіміз, көрнекті жазушы, қаламы жүйрік журналист Камал Смайловтың атын беру жөнінде бастама көтерілген еді. Осы мәселенің шешуін таппай тұралап қалуына не себеп?

— Бұл толғағы жеткен мәселелердің бірі. Осыдан он жыл бұрын «Камал атын алсақ» деп мектеп ұсынды, біз үн қостық, аудандық мәслихат қолдады, әкімдік қаулы шығарып, облыстық ономастикалық комитетке жолдаған едік. Кейін №1 мектепке тарихи маңызы бар тұлға Кетбұғы бабамыздың атын беру туралы ұсыныстар түсті. Сондықтан Камалдың атын аудандық Мәдениет үйіне берсек деген ұсыныс облыстық ономастикалық комитетке жолданған еді. Ол әлі қаралып жатыр.

— Ізіңізді жалғап, бала деген патшаның көңіліңіз тапсам деп мұғалімдікті кәсіп еткен жастарға не айтасыз?

— Еңбектену керек. Үнемі ізденісте болу қажет. Баланың тілін тапқан жөн, ең бастысы - сол. Қазір мектептің жағдайы жақсы. Материалдық-техникалық базасы жыл сайын жаңарып отыр. Жоғары білімді ұстаздар сабақ береді. Үкімет жағдай жасап отырған кезде, аяңбай еңбек еткен жөн. Болашақ ел тізгінін ұстайтын азаматтарды дайындау оңай шаруа емес. Сондықтан қатардағы мұғалімнен «ұстаздыққа» жету үшін жұмыс жасаңдар демекпін.

— Сұхбатыңызға рахмет! Мерейтой тағы да құтты болсын!

Суретте: қарт ұстаз Ш.СМАЙЛОВ.



## Қоғам. Адам. Заң

Жаңа Кодекстегі  
Жаңалықтар

Елбасының тапсырмасымен дайындалған қылмыстық, Қылмыстық істер жүргізу, Қылмыстық атқару және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекстер алдымыздағы жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Осы Кодекстер халықаралық талаптарға сай келтіріліп, азаматтардың заңды құқығын қорғайтын толықтырулар енгізілген.

Жаңа Қылмыстық Кодексте жаза ізгілендіріп, экономикалық қылмыс жасағандарға бірқатар жеңілдіктер жасалған. Осы Кодекстің маңызды жаңалығы деп қылмыстық санаттың екі сатыдан, яғни, қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтан тұратыны және процессуалдық келісім түсінігі енгізілуін айтуға болады. Кодексте 156 құрам бойынша процессуалдық келісімді орындаған кезде қылмыстық жауапкершіліктен босататын қылмыстық теріс қылықтар ұғымы енгізілгенін айта кеткен жөн. Қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар жазалау түрлерімен ажыратылады. Атап айтқанда, айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, не одан айыру және өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер қылмыс болып саналады. Ал, қылмыстық теріс қылықтар ұғымы енгізілгенін айта кеткен жөн. Қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар жазалау түрлерімен ажыратылады. Атап айтқанда, айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, не одан айыру және өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер қылмыс болып саналады. Ал, қылмыстық теріс қылықтар ұғымы енгізілгенін айта кеткен жөн. Қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар жазалау түрлерімен ажыратылады. Атап айтқанда, айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, не одан айыру және өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер қылмыс болып саналады.

Жаңа Кодекстің 68-бабында татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату жолдары көзделген. Атап айтқанда, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласып, келтірген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жазадан босатылады. Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілгендей зардаптарға әкеп соқпаған ауыр қылмысты бірінші рет жасап отырған көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жеке өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жасқа келген әйелдер, алпыс үш жасқа келген еркектер де жәбірленушімен татуласып, келген зиянның

орнын толтырса, жауаптылықтан босатылатын мүмкіндігі көзделген. Ал, мемлекеттің, қоғамның заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірген жағдайда, жоғарыда көрсетіліп кеткен адамдар шынайы өкінесе, қоғамға не мемлекетке келтірген зиянды өтесе, қылмыстылық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Осы баптың ережелері абайсызда кісі өліміне әкеп соққан, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік, қылмыстық топ құрамында жасалған, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайтынын айта кетуге керек.

Кодекстің енді бір новелласы ол кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасағаны үшін негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, жазадан босатуы мүмкін. Кепілгерлік белгілеу кепілгер болатын жеке тұлғаның жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін көзделген айыппұлдың екі еселенген мөлшерінде, ал заңды тұлғаның он еселенген он жоғары мөлшерінде кепіл енгізуінен тұрады. Кепілгерлік мерзімі: қылмыстық теріс қылық жасаған кезде—алты айдан бір жылға дейін, онша ауыр емес қылмыс жасағанда—бір жылдан екі жылға дейін, ауырлығы орташа қылмыс жасағанда—екі жылдан бес жылға дейін белгіленеді. Егер қылмыстан жауаптылықтан босатылған адам кепілгерлік мерзімде жаңа қылмыстық құқықбұзушылық жасамаса, кепіл кепілгерге қайтарылады. Ал осы кезеңде қайтадан қылмыс жасаса, сот қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімнің күшін жойып, үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындайды. Бұл ретте кепіл мемлекет кірісіне алынады.

Тағы да айта кету керек, бұл жеңілдіктер сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік, қылмыстық топ құрып жасаған, көмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды. Жаңа қылмыстық Кодекске енгізілген осы және өзге де новеллалардың барлығы да актуальды, үйлесімді және өміршең деп ойлаймын.

**Е. БЕЙСЕНБАЕВ,**  
аудандық соттың судьясы.

Сот қызметінің қауіпсіздігін  
қамтамасыз ету  
шарапары

Аудандық соттың ғимаратына жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерінің кіруі, ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының бекіткен ережесі бойынша атқарылады. Сот ғимаратына келгеннен кейін кезекші мамандандырылған полиция қызметкеріне немесе аға сот жасаушына жеке куәлігін, сотқа не үшін келгендігін және сотқа шақыру қағазы болса көрсетуі қажет. Бұған қоса мамандандырылған полиция қызметкері мен аға сот жасаушының сұрауымен ғимарат пен сот қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қол жүгімен жеке тексеруден өтуі заң көлемінде талап етіледі. Осындай талаптардан кейін біржолғы рұқсатнама жазылып, қол қойып, рұқсатнаманы алғаннан кейін тиісті кеңсе қызметкеріне немесе басқа да соттың судьяларына жіберіледі. Осы әрекеттер шетел азаматтары мен азаматтығы жоқтарға рұқсатнама жазылмайды. Сот мәжілісі залында қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қаралып жатқанда іске төрағалық етуші судьяның рұқсатынсыз тұруға, жүруге, өз орнында отырып сөйлеуге рұқсат етілмейді.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін судьяны құрметтемеу көрсетілсе ҚР-ның Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 513, 525-баптарымен жауапкершілікке тартылып, сот залынан шағарылып, ішкі істер бөліміне тапсырылады.

Аудандық сот ғимаратында сотқа келушілерге, шақыру қағазымен келген азаматтарға арнайы бөлме белгіленіп дайындалған, қызметтік бөлмелерге, сот мәжілісі залына судья, сот қызметкерінің рұқсатынсыз кіруге болмайды. Сот отырысына шақырылған азаматтарға сот мәжілісі басталғаннан кейін ұялы байланыс телефондарын, пейджерлар-

ды залда пайдалануға, видео жазбалар және суретке түсірулер төрағалық етуші судьяның рұқсатынсыз жол берілмейді. Сотта сот мәжіліс залдарында сот отырысы өтіп жатқанда тәртіпті бұзушыларға аға сот жасаушы ескертулер жасап, тәртіпке келуді талап етеді.

Сот приставтары мен сот аппараттарының қызметкерлері, ҚР Ішкі істер министрлігінің Республикалық Бас басқармасының мамандандырылған күзет қызметінің кезекші қызметкерлері сот ғимаратында (үй-жайларында) қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асырады және де орнатылған тәртіпті сақтау жөніндегі олардың заңды талаптары сотқа келушілерге міндетті болып табылады. Келушілер әрбір нақты сотта белгіленген ішкі күн тәртібіне сәйкес сот ғимаратына жіберіледі. Түскі үзіліс кезінде, жұмыс күні аяқталғаннан кейін және демалыс күндеріне сот ғимаратында келушілер жіберілмейді. Қару және басқа да рұқсат етілмеген заттарды өткізуіне жол бермеу үшін сот ғимаратында кіретін келушілер арнайы жабықталған тексеруден өткізіледі. Қажет болған жағдайда жеке заттары да тексеруден өткізіледі.

Қоғамдық тәртіп пен сот ғимаратында жүріп тұру ережелерін өрескел бұзған жағдайда, кінәлі адамдар заңмен белгіленген тәртіп бойынша әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Соттың мүлгі қасақана жойылған немесе бүлдірілген жағдайда, кінәлі адамдар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершіліктен қатар, заңға сәйкес келтірілген зиянның орнын толтыру міндеті жүктеледі. Осыған орай, Жоғарғы Сот төрағасы барлық соттарда қауіпсіздік шарасын күшейту қажеттілігін тапсырады.

**Х. ЕРЖАНОВ,**  
аудандық соттың аға сот жасаушысы.

Гендерлік саясаттың  
мақсаты—  
әйелдер құқығын қорғау

Қазақстанда Гендерлік саясатты жүргізу жұмысын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Комиссияның негізгі міндеті Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық келісім-шарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

1998 жылы қабылданған БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция солардың бірі болып табылады. Конвенция ережелерін, Қазақстанға қатысты тиісті комитеттің ұсынымдарын басшылыққа алып, іске асыру мақсатында халыққа гендерлік білім беру жұмысы жүргізілуде. Гендерлік теңдік стратегиясының жеке бөлімі қоғамдағы зорлық-зомбылықты жоюға арналған. 1999 жылы ел Президентінің бастамасымен аудандық буындарға дейінгі ішкі істер құрылымдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі арнайы бөлімшелер құрылды.

Олардың негізгі міндеттері: әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін құқыққа жат қол сұғудан қорғау; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен

жолын кесу мәселелерінде ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін үйлестіру; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың түрлеріне, нысандары мен әдістеріне, сондай-ақ, оларды жасауға жағдай жасайтын себептер мен шарттарға талдау зерттеуін жүргізу; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу мәселелерінде халыққа құқықтық көмек көрсету болып табылады.

Мысалы, 2014 жылдың 9 айында Ұлытау аудандық сотымен әйелдерге жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 79-5 - бабының 1,2 бөліктерімен көзделген 15 (он бес) әкімшілік іс қаралған. Оның ішінде 4 әкімшілік іс ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 71-1-бабының негізінде жәбірленуші әкімшілік құқықбұзушылық жасаған адаммен бітімгершілікке келулеріне байланысты қысқартылған. Ал, бір әкімшілік іс құқық бұзушының іс әрекетінде ҚР-ның Қылмыстық Кодексінің 257-бабында көзделген қылмыс құрамының белгілері бар болғандықтан әкімшілік іс қысқартылып, Ұлытау ауданының прокуратурасына жолданған.

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 79-5 бабының 1,2 бөліктерімен көзделген 10 (он ) әкімшілік іс бойынша құқық бұзушылар әкімшілік қамауға алынған.

**А.ҚАЛЕКЕНОВА,**  
аудандық соттың  
бас маманы

Адам құқығына  
қол сұғу - әкімшілік  
жауапкершілікке  
әкеліп соғады!

Ұлытау ауданының прокуратурасымен Ұлытау аудандық соттарымен 2014 жылдың 9 айында ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 9-1-тарау, яғни жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар (79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6-баптар) бойынша қаралған әкімшілік істерге талдау жасалды. Жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар — денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де зорлық әрекеттерін жасау, денсаулыққа зиян келтіру, басқа адамға сөз ауруын жұқтыру, отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру, олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда жасалған басқа да әрекеттер және еңбекке жарамды адамның сот шешімі бойынша еңбекке жарамсыз, материалдық көмекке мұқтаж жұбайы (зайыбын) күтіп-бағуға қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы.

Есепті кезеңде Ұлытау аудандық соттармен аталған санаттағы 29 тұлғаға қатысты 29 әкімшілік іс қаралды. Аталған істердің қаралу нәтижесі бойынша 2 тұлғаға ескерту жарияланды, 1 тұлғаға ұшайлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 5556 теңге айыппұл салынды, 15 тұлға әртүрлі мерзімдегі әкімшілік қамауға алынды, 10 іс өндірістен қысқартылды. Өндірістен қысқартылған істердің басым көпшілігі құқықбұзушы мен жәбірленушінің

осы кодекстің 71-1-бабының негізінде бір-бірін кешіріп татуласуына байланысты қысқартылған істер. Алайда, осы негізде қысқартылған әкімшілік істер аталмайтын негізде қысқартылған болып табылады. Демек, ӘҚБтК-нің 9-1-тарауында белгіленген баптар бойынша жасаған құқықбұзушылықтар бойынша істер сот процесінде қаралу барысында жоғарыда айтылған негізде қысқартылғанымен құқықбұзушы ҚСЖА-ЕК-нің әкімшілік құқықбұзушылықтар банкіне енгізіледі. Бұл, өз кезегінде құқықбұзушымен құқықбұзушылықты қайталап жасалуы кезінде ескеріліп, баптардың жазасы ауыр бөліктері қолданылады. Мысалға, Данил есімді азамат алкогольді мас күйінде, өз үйінде, анасына сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөздер айтқаны үшін 30.05.2014 жылғы Ұлытау аудандық сотының қаулысымен ӘҚБтК-нің 79-5-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, бір тәулікке әкімшілік қамауға алынған. Сонымен қатар, осы азамат өзіне тиісті қорытынды жасамай, мінез-құлқын түзеуге бетбұрыс алмау себептерінен дәл осындай құқықбұзушылық жасап, 19.09.2014 жылғы Ұлытау аудандық сотының қаулысымен ӘҚБтК-нің 79-5-бабының 2-бөлігімен он тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Осындай қайталанбалы құқықбұзушылықтар өкінішке орай, көптеп кездесуде.

**Е. МҰРАТ,**  
аудан прокурорының көмекшісі, 2-сыныпты заңгер.



## Имандылық иірімдері

# «ІШІМДІК АТАДАН Қ, АЛҒАН АС ЕМЕС»

**Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим! Құрметті мұсылман бауырлар!**

**Тек жақсылықты үндейтін дініміз, адамзат баласына «халал» еткен нәрселерді пайдаланып, ішіп-жеуіміз, «харам» еткен нәрселерден жаңтөнімізді аулақ ұстауымыз. Харам нәрселердің бірі—алкогольдік ішімдік. Оның харам екендігі әрі Құран мен әрі Хадисте дәлел, бекітілген. Адамзат тарихында ішімдіктің адам өмірі мен қоғам тыныштығына зиян әкелетін нәрсе екенін біліп, күресіп келуде.**

Қасиетті Құранда: «Әй, мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас шайтанның істерінен, одан сақтанындар, құтыларсындар. Негізінде, шайтан арақта, құмар да араларына дұшпандық, әрі кек салып, Алланы еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсындар ма?» (Мәйдә сүресі, 90-91 аяттар). Аллаһ осы аяттармен ішімдіктен түбегейлі

хабалар сұрағанда «Тинә-и-Хәбал» не деп. Ол, «Тозактардың денесінен аққан ірің тек қан» деп жауап берген. «Аллаһ ішімдіктің күнәсін қаншама кісіге бірдей етіп жүктеп, ол кісілерді лағынеттейді. Ішімдік үшін лағынеттелген кісілер мыналар: ішкен, оны берген, сауда үшін сатқан, сатып алған, ездірген, тасыған және тасытқан» деген. Иә, десекте, қазіргі кезде арақ-шарапты са-



арылуын әмір етті емес пе?

Адам баласы қолданған жағдайда осы дүниеде күнәға батырып, барлық жамандық кілті болып о дүниеде тозаққа апаратын, түсіртетін осыншалықты кесірінің анасы болған ішімдік—барлық мас қылатын ішімдік аз болса да, көп болса да (оның еш айырмашылығы жоқ)—харам болып саналады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хадисінде: «мас қылатын әрбір ішімдік харам»--деген. (Хадисті Мұслим Әшриби 67). «Ішімдік барлық жамандықтың кілті». Бәрімізге мәлім атадан қалған көне сөз де жанға батарлық емес пе: «Арақ—атаңнан қалған ас па еді?» деген қатты сынмен айтылған сөз болса да, неге? Атамыздан қалған ас секілді пайдаланамыз, ішеміз?! Ішімдік бұл дүниеде де, ахиреттегі өмірімізге де кесірі тиетіндігін Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Үмбетімнен ішімдік ішіп өлген кісіге Аллаһ Тағала жәннәт шербетін ішуді харам етеді». «Кімде-кім шарап ішетін болса, Аллаһ оған қиямет күні тозақтың суынан ішкізеді», «Ішімдік ішкен кісінің 40 күн бойы намазы қабыл болмайды. Зәр жолында шараптан, арақтан бір тамшы қалған күйінде өлген кісіге жәннәт харам болады. Егер, арақ ішіп, 40 күн ішінде өлетін болса, надандық өліммен өлген болады», «Бұл дүниеде арақ ішкен кісіге ахиретте Аллаһ Тағала—«Тинә-и-Хәбалді ішкізеді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) Са-

тып, күнделікті тұрмыс-тіршілігін көріп отырған қаншама отбасылар бар. Егер, олардан сұрасаң арақты неге сатасың?--деп, олар: Мен, өзім ішпесем болды емес пе?--дейді. Сатқанда тұрған не бар, мен бала-шағамды асырасам болды емес пе?--дейді. Қазағым-ау, осындай харам іспен айналысып, қаншама күнәға батып жатырмыз: 1-ші арақты сатып; 2-ші одан түскен харам ақшамен отбасымызды асырап; 3-ші өзге адамның арақ ішіп, күнәға батуына себепкерміз».

Бауырлар! Өзімізді, отбасымызды, бала-шағамызды асырап, ішіп-жеуіміздің адал жолы бар емес пе? Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Хадисінде: «Есектің нәжисін тазаласаң да, наныңды адал же» деген. Баршамызға жеткілікті асыл тәрбиелі сөз емес пе? Өзім ішпесем болды емес пе?--деп, өзге жанға арақ беріп, жамандық-күнәға ітермелемейік. Өзімізді, ұрпағымызды ойлайық, біреуге істеген жамандығымыздың кесірі ұрпағымызға келмейтініне кім кепіл болады?! Аллаһ сактасын. Арақ-шарап сатып, отбасын асырап жатқан бауырлар! Аллаһтың лағынетінен өзімізді, ұрпағымызды сақтайық. Осы ақыл-сөздеріме құлақ асар жан болмаса да, жоғарыда жазылған Құран аяттары мен Хадистерге тоқтар деген сенімдемін.

**С.ОРЫНБАЕВ,**  
**аудандық мешіттің Бас имамы**

**Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим!**  
**Бірде Жаратқан Алла тағала періштесін бір пендеге жібертіп, «сен қанша Аллаға қызмет етсең де бәрібір тозаққа барасың»--деп, айтқыздырған екен. Сонда ана адам мүдірместен «періште, жұмақ, тозақ – Алла тағаланың ісі, ал менің ісім – оған қызмет ету» деген екен. Осындай жүректөгі Аллаға деген жұпар иманымызбен барша мұсылман қауымы мына өтпелі дүниеден өтеміз деген үміттеміз. Дегенмен, бұл жалғанның әр сәтін таразыламасаң, Алланың таразысындағы тасымыздың бір жағы ауырлауы мүмкін.**

### 1. Жиған байлығың қайда болса – жүрегің сонда

Ақылымызды арқау етсек, дүниеге иманды тұжырым жасаймыз. Ал ақылға жүгінбесек, қандай өмір кешкеніміздің себебін білмей кетіміз де мүмкін. Жаратқанның құдіретіне әр мезет бас ием, себебі ондай керемет тылсым дүниені сөзбен жеткізу қиын, Жаратқанмен тілдескендей оны тек сезіне білу керек. Ал оны сезетін тек қана жүрек! Ардақты Пайғамбарымыз

да бар шығар. Алайда, қандай жағдайда да жүректе қамығу мен қайғыру болған жөн, әйтпесе мына әлемді кім сақтап қалады. Бірнеше Пайғамбарлардан, оның ішінде Дәуіт (ғ.с.) Пайғамбардан «мен үшін не істедің?» деп, Жаратқан Алла сұраған екен. «Мен намаз оқыдым, садақа бердім» деп, санай бастағанда: «жо-жоқ, бұл істеріңді мен үшін емес, өзің үшін ғана, себебі намазды өзің үшін оқыдың, берген садақан өзіңе қорған. Одан кейінгі әрбір

есілі әрі баршасы жазаланатын болады» деген.

### 4.Балаларыңызды харамнан тыйыңыздар

Бүгінде қазақ отбасында өз балаларының тәрбиесіне, киім-кісі мен жүріс-тұрысына енжар қарайтын ата-аналар бар. Мектепке дайындық барысында оқу құралдарын сатып ала береді. Бірақ бір қиыны, оның сыртқы мұқабасындағы суретке ие болмаса жазуына қарамайды. Онымен қоса,

# Енжарлық - жүрек кеселі

(с.ғ.с.) айтқанындай: «шынында, адамның денесінде бір тілім ет бар, ол жақсы болса, барлық дене жақсы болады. Ал жарамсыз болса, онда бүкіл денені бүлдіреді. Расында да, бұл – жүрек» (Әл-Бухари және Мұслим). Сондықтан, жүрегімізді тани білгеніміз жөн. Алланың дінін мықты ұстану үшін жүрек өте қажет, өйткені, ол тек қана жүреппен байланысты. Ал жүрек үнемі құбылыста, тұрақсыз. Жел айналдырған құстың жүніндей әрдайым өзгеріп отырады. Бір сағат бұрын басқа, бір сағаттан кейін мүлдем басқа. Бір қызығы мезеттері бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан да оны «кальб», яғни араб тілінен аударғанда «жүрек», «такальлуб» арабша «өзгеріс» деген мағынаны білдіреді. Ертеде ағамыз «адамның жинаған байлық қоры қайда болса, жүрегі сонда болады» дейтін еді. Қазіргі адамдардың жүрегі қандай не болмаса қайда екенін біле ме, жүрегің тыңдай ма? Бүгінде жүректердің түрі көп. Тәnniң қалауымен мүсепірі, ақшаның буымен бейбақ, Аллаға тілі келмеген кекеш, одан қорықпай, адамнан ұялмайтын арыс, жақсы мен жаманды айыра алмай қатая қарайған ауру жүректер бар. Енді айта берсем толып жатыр, одан бейшара болған жүректі қорлағым келмейді. Сондықтан, баршамыз кеудеміздегі жүрегіміздің қандай екенін өзімізден сұрап көрейікші. Жүрек өзіміздікі ме, не болмаса шынымен жүрегіміз сондай ма?!

### 2. Алла үшін не істедің?

Алла тағала пендесін жаратқанда небір жақұты қасиеттер, яғни адалдық, шынайылық, ізгілік, парасаттылық тәрізді иманға толы асылдармен бөлейді. Жер-жаһанды жайната әрбір биік шыңдарға көтере көрсететін алтын қасиеттегі иман. Алайда, имансыздың аяғындағы шөпте тітіркенетінін білесіздер ме? Негізінде, адамды хайуаннан ажырататын ізгі амалдар. Сондықтан, Алла өзінің сұлу қасиеттерін әдемілеп, айшықтап жүрек қалтамызға салып береді. Оны ақтарып, тауып алған адамның жүзінде нұр, ал кейбірінің жүрек тұңғығында шіріп қала береді. Жақсылықты айтып жеткізуші Әмір-Мағруф, жамандықтан тыюшы Нахий-Мұнқар. Дегенмен, қазақ айтқандай саудың тамағын ішіп, аурудың ісін істейтіндер бар. Бүгінде сұлулықты көзге ілмейтін, сезімін оятпайтын, ісіне баға бере алмайтын ел жүрегін жайлаған қауіпті ауыр дерт бар. Ол – енжар жүрек. Қорқыныштысы, жасакталған қас дұшпанның айланынан гөрі адамға енжарлықтың амалы өте күшті жүретіндігі. Себебі, кішігірім отбасында әйелі мен балаларының күнделікті әрекеті отағасын толғандырмаса немесе от анасы ошағының түтінін түзетпесе, онда олардың немқұрайлығы, бүтіндей парықсыздығы, жүректерінің енжарлығы. Іштен шыққан жаудан бұрын енжар үй иесінің немқұрайлығынан жанұя былығы әрі бүліне бастайды. Сондықтан, мұсылман адамы үшін отбасының қамын кәусар жүрегімен таза әрекет жасағаны – өте үлкен сауатты іс. Біріміз жақсылық әрекетімізде, яғни құлшылығымызбен мүмкін заманнан қалыс қалған шығармыз. Мүмкін заманды қуып жетіп, озып жатқандар

ісің – ол өзіңнің амалың. Сен мен үшін не істедің?» деп, қайталап сұраған екен. Сонда Дәуіт (ғ.с.): «О, Алла тағала! Онда сен үшін істелінетін амалды айтып берсеңіз» деген екен.

### 3.Мұсылманның күнә істеріне енжарлық танытуы да – күнә

Егер де айналамызда күнә істер, көңілге қоныссыз жайттар болса, иманды жүрегіміз ауырып, асқа тәбетіміз болмай, еш дүниеге зауқымыз соқпай, ұйқымыз қамады. Сөйтіп, кейбіріміз сары уайымға салынамыз. Ал егер айналамызда жақсылық әрі ол жақсылық басқаларға қуаныш әкеліп жатса, онда қуанамыз. Міне, бұл дегеніміз Алла тағала үшін пенденің қуанышы! Сондықтан, қайғының дәмін, қуаныштың әнін білмейтін жүректі немқұрайлық немесе енжарлық деп білемін. Ол адам жүрегінің кеселі. Мәселен, ардақты Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз бізге ненің жақсы, ненің жаман екендігін айтып қана, өз алдына өмір сүрсе де болар еді ғой. Жоқ, ол өзін аямастан, еш нәрседен аянбастан, үмметіне, яғни біздерге өмірлік шындықты жеткізді. Қаншама көз жасын төкті, қаншама қиындықтарды басынан өткерді, тіпті өмірінің соңында: «не әкелдің?» деп, Әзірейіл (ғ.с.) періштенен сұрағанда, Періште: «сен үшін жеті қат аспан қақпасы ашылды, сені періштелер күтіп тұр» деген екен. Сонда «жо-жоқ, мен үшін емес, менің үмметіме не берілді?» деп, өткен екен.

Көптеген адамдар намаз оқып, ораза тұтатын, қажылық парызын өткерген, ішімдік қолданбайтын, темекі шекпейтін адамды дұрыс жолда, яғни «жақсы адам үшін осы жеткілікті» деп ойлайды. Жо-жоқ, егер сіздер мен біздер күнә жасамаған күннің өзінде, тіпті бөтен не болмаса бірнеше мұсылманның күнә істеріне енжарлық танытсақ, түптің түбінде біріміз мол күнәға кенелеріміз сөзсіз хак. Бір күнәһар пенде Алла тағаладан: «Алла, мен зұлымдық пен күнә істер жасадым, бірақ мұндайды істемейтін әрі істемеген пенделерді сүйіп қалап өттім» деп, дүниеден өтер шағында ақталған екен. Әлбетте, ол пенде Алла тағала тарапынан кешірімге ие болады. Неге, өйткені қанша жерден зұлымдық көрген жүрек тазалықты қалады әрі оны Жаратушысына жеткізе білді. Егер жүрегіміз игілікке қуанса, ол иманымыздан Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымызға: «Алла тағала бір періштеге жер бетінен бір қаланы жермен-жексен етуін бұйырды. Сонда періште жанағы жерді түп-тамырымен көтеріп алып айналдыра бір-ақ төңкерді. –О, Аллаһым, бұл жерде бір сәт болса да тіліңді алып, күнә істемеген құлын бар еді» деген періштелердің сөзіне Алла тағала тағы бұйырады: «міне, мен үшін бет-жүзі бірде-бір рет қызармаған бірінші сол адамнан баста, сосын баршасын жой» дегенді Жебірейіл (ғ.с.) періште жеткізген болатын. Сондықтан, біз толыққанды мұсылман болғанымыз жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «егер адамдар болып жатқан жамандықты көре-тұра одан тыймаса, онда Алла тағала тарапынан жіберілетін қасірет баршаңызға ти-

түсінігіне көңіл бөлмей, әр тілде ұятты сөздерді жарнамалаған әркімді дәптерлерді баласының қолына ұста-та салады. Ал қазіргі қазақ мұсылман жастарының киім киісі ше? Бұл дегеніміз – шайтанның ісі. Оған қоса ата-ана баласының қандай жұлдызды қумирлар қызықтыратынын қадағаламайды. Көбінесе баласының бөлмесі спортшылар, футбол ойынының жұлдызы және т.б. да толып жатқан портретті бейнелермен безендірілген. Ал қыз балаларының бөлмесі әркімді мультсериалдар мен топтама кино жанрларының әртістеріне толы. Осындай жарқ-жүрқ еткен жұлдыздар баланың жүйкесіне небір әсерін беріп, білдірмей бұзады, күнә істерге итермелейді. Өз қалауындағы жалған әртіс жұлдыздарына еліктегені соншалықты уақытылы тамактануды доғарады, яғни дене пішіні және т.б. ерекшеліктерді қадағалау күйінде қыз бала әлекке салынады. Осылайша ата-ана өзінің баласының бөлмесінен бастап, келешек өміріне көңіл бөлмейді. Сондықтан, шама жеткенше мұның бәрін ауыстыру қажет, яғни неге және қалай? Бұл жағдайда жақсы адамдардың портреттері немесе бала жанын Отанына деген сүйіспеншілігін арттыратын Елтаңба мен Тудың суретін қойса болады. Әсіресе, ата-бабаларының сурет қаттамасы болғаны дұрыс. Негізінде, бөлмелерге ата-баба шежіресінен жеті атасына дейінгі әке-шешелерінің суреттерін тұрса, өте жақсы. Балаға олар туралы жиі әңгімелеп, тіпті бейіттеріне алып барып отырған дұрысырақ. Ал бүгінде оның орнында әкелер отбасы дастарханында футбол командасы, саясат, әртүрлі президенттер мен олардың қалта қаржыларын әңгімелеп отырғанын көреміз. Қазір арақ-шарап, мөлдіреген сыра, денсаулық шартына жәрдем беретін (ұятты) заттар мен т.б. жөн-жосықсыз баланың санасын ұлайтын дүниелерді жарнамалау үйреншікті болды. Ата-бабаларымыз телевизорды «шайтан жәшігі» деп, тегіннен айтпаған болуы керек. Өріден балаларымыз радио, құлаққап, плейер арқылы харамды тыңдауда. Онымен қоса ұялы телефондарында әртүрлі бейнедегі суреттер, орнатулар, анимация, валентинка, махаббат раушандары, құстар және т.б. мұсылманға тыйым етілген дүниелермен жүректерін қоршауда. Бұл үлкен күнә, енжарлық дегеніміз осы. Егер де әсіресе мұсылман адамдар Алланың тыйымына көніп, ақылға келмесе, онда Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз сактандырғандай, түбінде жер сілкінісі, табиғи катаклизм, адамдардың бет-жүзінің қисаюы, нақтыланған не нақтыланбаған әртүрлі аурулар күтетін болады. Ол бүгінде белгісін беруде. Сондықтан, егер де жер бетіндегі әр адамды аналарымыздай қайғыратын болсақ, онда өміріміздің соңында Алла тағаланың мейіріммен жәннәттың рақатына бөленетініміз хак. Жаратқан Алланың мейірімі әрқашан бізбен болсын, жүректерімізді енжарлық жайламасын, деймін. Әмин, Аллаһу Әкбар!

**Ә.ДӘУЛЕТКЕЛДІЛЫ,**  
**Сарысу ауылының имамы**



## Жақсының жақсылығын айту...

## Мұхтар ДӘУІТОВ

*Бірәлі Нұрсейітов 1971 жылы орта мектепті бітірісімен Жезді аудандық типографиясында баспашы (печатник) болып жұмыс істеп, келер жылдың көктемінде әскери борышын өтеуге аттанған екен. Ол екі жыл бойы Отан алдындағы міндетін атқарып қайта оралғанда, менің газеттегі қызметке төселе бастаған кезім еді.*

тын, жомарттығы мол кісі болса керек. Кешегі 1932 жылғы ашаршылық кезінде төңірегіндегі аш-жалаңаштарға талғажу етуіне малын беріп, көп көмегін тигізген жан екен. Ол кәмпескелеу кезінде, «итжеккенге» айданып кетуден қаймығып, оңтүстік жаққа көшіп кетіпті. Байдың кейінгі ғұмыры қандай болғанынан бейхабар ел, ол мекендеген ай-

болған екен. Оқуын бітіріп, дипломмен бірге офицерлік шен алған оны Қарағандыдағы орталық геологиялық басқармасы Ақадырдағы геологиялық барлау экспедициясында аттандырған. Оқу бітіргеннен кейінгі еңбек жолым осылайша Ақадыр өңірінде басталып, онда Мәскеу, Ленинград, Томск және Алматыдан жоғарғы оқу орнын

басшылығымен қатар, көптеген экспедиция мүшелері молянан тер төксе, кенішті ашуда менің де маркшейдерлік үлесім аз болған жоқ. Экспедиция мүшелерінің бәрі вагондарға жайғасып жатқанда Болат ағайым екеуіміз жеке вагонда бірге тұрдық. Экспедициялық топта жүргенімізде шыжыған шілденің аптабы мен қытымыр қыстың үскірік

Кешқұрым газеттің жаңа нөмірі басылып біткен соң екеуіміз мекемеміздің дәл қасындағы клубқа барып кино көріп қайтатынбыз. Оның сол кездердегі әңгімесінен Дулығалы өзені бойында дүниеге келгенін, атасы Нұрсейіт пен әжесі Несібелді бауырларына салып, ержеткізгендігін білетінмін. Туған әкесі Мұханбетжан ауылшаруашылық саласында бірде бригадир, бірде басқарма қызметтерін атқарып келгендіктен талай елді мекендерді аралап, қоныс аударып тұруға тура келген. Атасы мен әжесі Бірәлінің санына қазақтың салт-дәстүрімен, адамгершіліктің мол қасиетін құя беріпті. Бір шатыр астындағы редакция мен баспаханада жұмыс істеп жүргенімізде атасы туралы, Қосбармақ өңірдегі шағыл құмдарда өткен балалық шақтары жайлы әңгімелерін айтатын. Атасы Қосбармақтағы қыстаудан Бозшақөлге көшкенде жылқы айдасқан Бірәлі жетілер шамасында ғана екен. Қанжығама кішілеу торсықты байлап, өзінің қоржынын піскен сүр ет пен таба нанға толтырып мені «құнандыерге» отырғызады, атам қарақасқа атына мініп, екеуіміз бір үйір жылқыны Бозшақөлге қарай айдай жөнелдік. Атам кішкентайымнан бас білетін тайға мінгізіп үйреткендіктен, жылқыға жақын боп өстім. Ат үстіне қонсам болғаны делебем қозып, шауып ала жөнелгім келетін. Атам қасымда келе жатқандықтан беталды шапқылауды жөн көрмей, шіркін-ай мына жануарлардың біреуі бой бермей қашса екен, деп келемін. Атам сол жақ қапталда келе жатса, мен оң жағынан айдаудамын. Біздер бір шағылға жете бергенімізде жылқылар әлденеден үркіп, айдалаға дүркірей қаша жөнелді. Маған да керегі осы болатын. Құнанымды қамшылап, жылқылардың алдын орап, атамның қасына іріп әкелсем, анадайда оққа ұшқан арланның тісі аксип, өліп жа-



тыр екен. Әлгінде жылқыларды дүркірете қуып жүргенде мылтық дауысын естімеппін, қосауыздың ұңғысынан түтін будақтай шығып тұрғанда ғана атамның атып алғандығын білдім. Зормандар інінен шығып, тіске басарлық «қызыл» қаптап жүргенде, бұлардың жылқыға төніректеуі несі-ай! – деп, күңкілдеп қояды атам. Атам дәу бөріні қанжығасына бөктерін алып, әрмен қарай жылжып кеттік. Мен алыстан түз тағысының қылаң бергенін байқасам, атама белгі беремін. Ол мылтығын аспанға атып, азулыларды үркітіп қояды. Осылайша біз қасқырлар жортқан құмды далада бір түнеп, келесі күнгі іңірде Бозшақөлдегі жайлауымызға бір үйір жылқыдан шашау шығармай аман-есен жеттік-ау, әйтеуір – деп әңгімесіне ынтықтыра түсетін-ді Бірәлі. Оның тағы бір әңгімесі менің жадымда қалыпты. Атасы немересіне Бірәлі – деп ат қоюында үлкен мән бар екен. XIX-ғасырдың зобалаңға толы 30-жылдары Дулығалы бойында 5000 жылқысы бар Қыпшақ руынан Сейткерейдің Бірәлісі деген бай болыпты. Өзі бай болғанымен де кедей-кепшіктердің жағдайына қарасып тұра-

мақтағы «Бірәлінің қоғасы», «Бірәлінің қорасы», «Бірәлінің суаты» деген жер аттарын әлі күнге сол атаулармен атап жүрсе керек. Жомарттың жақсылығын көрген болар, атам менің есімімді азан шақыртып, Бірәлі, деп қойыпты. «Қолымды тізгінге, аяғымды үзеңгіге» жеткізген атама, қазақтың салт-дәстүрімен, тәрбиелі әдет-ғұрпын санама құйған әжеме көп-көп алғысымды айтамын дейтін Бірәлі. Бірәлі Нұрсейітов баспаханадағы өз жұмысын тиянақты да ұқыпты атқара жүріп, 1974 жылы Семейдегі техникумға оқуға түсуге аттанып кеткен. Бірәлі техникумды бітірген соң типографияның мықты маманы болып оралатын шығар, – деп жүретінмін. Үш жылдан соң оқуын тәмамдаған Бірәлінің Ақадырдағы геологиялық барлау экспедициясында жұмыс істеп жүргендігін естідік. Кейіннен білдік, ол типографияның техникумына емес, Семейдегі топографтардың техникумына түсіп, геология саласындағы жұмысқа бет бұрған екен. Сол жылдары топограф мамандығын даярлайтын Кеңес Одағында 9 техникум бар болса, Қазақстандағы оқу орны Семейде ғана

бітірген геологтармен бірге қызу жұмысқа кірістім. Геологиялық экспедицияда жұмыс істеген шақтарым романтикаға толы қайталанбас жастық шақтағы кезеңнің бір бөлігі боп қала берді. Ол жақтағы кен барлау экспедициясының басшысы Сұлтан Сүтбаев өз ісінің білгірі, көш бастаған мығым жан екен. Үш жыл бойы мол тәжірибе жинақтап, Ақадырда еңбек өтілімді атқарып, Жезді кен басқармасына келіп, жұмысқа тұрдым. Әуелгі кездері қатардағы қарапайым жұмыскер болсам, 1981 жылдың жазында Жәйремдегі «Үшқатын-III» руднигінде маркшейдерлік қызмет атқардым 1984 жылдың шілдесінде карьерді Жәйрем кен байыту комбинатына тапсырып, Жезді кен басқармасына қарасты №6 шахтада еңбек ете бастадым. Сол жылдары кен басқармасының бас маркшейдері Владислав Павлович Ширшов деген кісі болды. Ол Свердловск қаласындағы тау-кен институтын бітіріп келген білімді де білікті азамат болатын. Бас маркшейдер В.П.Ширшовтың қарамағында болып, кеніштегі карьер мен шахтадағы барлық маркшейдерлік жұмыстарды бірлесе атқардық. Тағы да басқа геологтармен қоян-қолтық араласа жүріп талай баянды істердің куәсі болғанбыз. Геологтар мен маркшейдерлер жұмысы бір-бірімен тығыз байланыста болатын. Атап айтсақ, Алматы политехникалық институттың түлегі, геолог Құлынтай Сердалиновтай құрдасымнан талай іс-тәжірибелер бөлістім. 1991 жылы В.П.Ширшов Ресейге еліне кетіп, кен басқармасындағылар мені бас маркшейдерлікке тағайындаған болатын. Кеңестер Одағы ыдырай бастаған тоқырау жылдары кеніштегі жұмыс екпіні де саябырлай бастады. Ақыры 1997 жылы Жездідегі кен басқармасы ликвидацияланып, сол жылдары алыс аймақтағы Тур кенішін ашу жоспары қолға алына бастаған еді. Мұндағы кен байлығын, сапалылығын зерттеуде бас геологымыз Болат Молдашұлының

аяздарын да бастан кешірдік. 5-6 шақырымдағы бұлақтан жаяулап су тасып, ішкен кездеріміз болды. Болат ағай екеуіміз төпелей соққан боранды күндерде іште орнатылған темір пешке мазда-та от жағып, талай түндерді сыр шертумен өткізетінбіз. Бөкеннің жасы бізден біраз үлкендеу болғанмен, іштегі сырды ақтара айтатын қарапайым жан болатын. Жездідегі кеніш уақытша тоқтап тұрғанымен жер астында талай жылдарға азық боларлық сапасы мол байлығымыз жатыр-деп мені жұбатып қоятын. Біз, енді Қ.Сәтбаев салып кеткен сүрлеумен жүріп кен орнын ашуға талпынып жатырмыз. Кенішті ашып, тезірек іске қоссақ талай жандардың ақ алғысына бөленеріміз анық-дейтін. Ақыры, біз ашқан кеніш Тур аталып, еңбек қарқыны күні бүгінге шейін толастамай тұр. 2004 жылдың күзінде жоғарғы жақтағылар Бірәлі Мұханбетжанұлы Нұрсейітовті «Шығыс Қамыс» руднигіне маркшейдерлікке жіберген. Ол қазіргі күндері рудниктерді ашуда өз мамандығын іске асыру жолында тынбай еңбек ету үстінде. 1995 жылы «Кенші Даңқы» белгісін кеудесіне таққан Бірәлі Нұрсейітов әр жылдары Құрмет грамоталарымен марапатталып, ақшалай-заттай сыйлықтар иеленіп келеді. Ол үстіміздегі жылдың «Геологтар күні» «Казмарганец» басқармасының құрылғанына 10 жыл толуына байланысты мерекелік жиынға барып, қайтқан болатын. Жезділік кеншілер Әбітай Нұрбалаев, Бошай Смағұлов, Виктор Иванов, Болат Молдабаев, Рахымбек Ахметов, Сәуірғалим Аубаевтармен бірге заттай, бағалы сыйлықтармен қатар 100000 көлеміндегі ақшалай сыйсияпаттармен марапатталыпты. Ұзақ жылдар бойы геологиялық салада маркшейдерлік қызмет атқарған Бірәлі Мұханбетжанұлы Нұрсейітовке еңбегің жана берсін, жанұядағы балаларың мен немерелерің ортасында бақытқа бөлене бер! – демекпіз.

**Суретте: Бірәлі НҰРСЕЙІТОВ.**